Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 28 (1083)

22.07.2022

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ҚАРАҒАЙЛАР ЖЫЛАҒАН КҮН

немесе кесілген ағаштар жыры

ҚЫСЫ-ЖАЗЫ ЖАСЫЛ БОЛЫП, ҚҰБЫЛМАЙТЫН ҚАСИЕТІМЕН МЕКТЕП АУЛАСЫНА ЕРЕКШЕ КӨРІК БЕРГЕН ҚАРАҒАЙДЫ ТҮБІРІМЕН КЕСІП ЖАТҚАНДА ҮН ҚАТПАЙ, АРТЫНША ШУ КӨТЕРІП, ДАУРЫҒУДАН ЕНДІ ПАЙДА БАР МА ДЕРСІҢ?! ДӘЛ АҒАШТАРДЫ КЕСІП ЖАТҚАН СӘТТІ КӨРГЕНДЕР БОЛМАДЫ ДЕУДІҢ ӨЗІ АРТЫҚ. ӘБДЕН ІС БІТКЕНДЕ ҒАНА АЙҚАЙҒА БАСЫП, КІНӘ ТАҒЫП, ШУ КӨТЕРЕТІН ӘДЕТТЕН ҚАШАН АРЫЛАР ЕКЕНБІЗ, БІЗ ОСЫ?!

Отыз үш жыл бұрын отырғызылған жас қарағайлар неге шабылды? Бұл жайында түрлі пікірлер желіде өріп жүр. Әлбетте, іс әбден біткеннен кейін барып сынауға да етіміз үйренген. Аталған жайтқа қатысты Текелі қаласының әкімдігі де пікір білдірді. Қалай десек те бұл істі нақты анықтап, таразылайтын арнайы заң орындар бар. Біз тек оқиға орын алған жерге арнайы барып, осыған қатысты тұрғындар ойын тыңдап көруді жөн көрдік. Сонымен.

Раушан Байғабылова, ата-ана:

– Менің екі балам бар. Үлкені осы мектепті бітірді, екіншісі әлі оқиды... Медальдың екі жағы да бар демекші, қарағайларды кесуде де тек біржақты ғана қарамай, оның екінші жағына да үңілу керек деп ойлаймын. Білесіздер ме, мектеп артындағы алып қарағайлардан қысты күндері күн көзі түспегендіктен жер тайғақ болып жатады. Егер мектеп оқушыларының бірі тайып құлап, мертігіп жатса не болмақ? Бұл бір деңіз, екіншіден, қысы-жазы мектеп терезелеріне де күн көзі түспейді. Ал сынып ішінде отырған балалар үшін күн сәулесінің түскені маңызды ғой. Олардың көз жанары үшін кабинет жарық болуы керек. Мектепте балалар екі ауысыммен оқиды, Текелі бойынша ең үлкен білім ошағының бірі болып табылады.

Мектеп жанында балабақша орын тепкен. Меніңше бұл балалар қауіпсіздігі үшін жасалып отырған дүние. Олай болмаса, басқа не?! Осы қыста екі қарағай құлады.... Өзім осы мектептің жанындағы жатақханада тұрамын. Түсінбейтінім, неге біз тек істің кері жағын ғана көреміз?

... Facebook желісінде жариялаған әріптесім Сандуғаш Дүйсенованың оқиға орнында түсірілген видеоны жариялағанда жанарым жасқа тұнып, тұла бойым түршіккені рас. Мен ғана емес, бұл күні мектеп ауласында кесілген қарағайлар да жылаған болар деймін ішімнен. Сосын, көк тіреп өсіп келетін қарағайларды бұлайша шауып тастау, бұл деген өзің тұрып жатқан құт мекеніңнің қадірін қашырумен тең емес пе түсінгенге деймін тағы іштей өз-өзіме тіл қатып. Бұл шағын шаһардағы білімімен мыңды жыққан балалар оқитын мектеп ауласына көрік берген алып қарағайлар емес пе еді?! Мұны еккендердің арманы білім ошағының бар маңы жап-жасыл боп тұрса деген ниеттен болды ғой түйсінгенге. Әрі, топырақ пен таза суды таңдайтын қарағайдың тым ерекше талғамы жүрегі аппақ балалар білім алатын орданың салтанатын асырып, жайқалып өсуінің өзі бұл ағаштың қасиетін білдірсе керек-ті, бірақ, мұны түсінген жан бар ма?!

Кім не айтып, не жазса да енді Текелінің құнарлы топырағынан нәр алған алып қарағайларды қайтып тірілте алмасы анық. Ылди менен дөңесте өсе беретін қарағайлар да енді бізді шақырмайды белеске, әттең?!

Жалғасы 2-бетте

НЕГЕ?

БАНККЕ ҚАРЫЗ АДАМДАР САНЫ БІРЖАРЫМ ЕСЕГЕ ӨСТІ

Тағы да несие. Елімізде 6 миллионнан аса қазақстандық банк алдында қарыз. Бұл көрсеткіш былтырғыға қарағанда біржарым есеге көп. Ал жалпы халықтың банк алдындағы берешегі 8,9 трлн. теңгеге жеткен.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер енгізілгенін хабарлады Ақорда. Яғни заңға сәйкес несиесі бар адам қайтадан несие рәсімдей алмайды. Сонымен қатар несие бюросына берілген қарыз жайлы ақпаратты жеткізу уақыты 15 жұмыс күнінен 1 жұмыс күніне дейін қысқартылды. Ал микронесиелер бойынша сыйақы мөлшері мен айыппұл көлемі азайтылды. Дей тұрғанмен қандай амалдар мен өзгертулер енгізілгенімен халықтың қарызы азаяр емес. Еске салсақ осыдан үш жыл бұрын осы мәселе төңірегінде біраз заңнамалық шешімдер қабылданған. Яғни 2019 жылы жалпы қарызы 3 млн. теңгеден аспайтын әлеуметтік аз қамтылған топ өкілдерінің 300 мың теңгеге дейінгі банк алдындағы берешегі кешірілген. 2020 жылы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға қарыз беруге шектеу қойылған. Ал биылғы жылы 30 жылдан астам несие төлемей жүрген кәсіпорын иелері табылмаса, онда оның қарызы жойылмақ. Бірақ несие алушылар саны азайған емес. 6 миллионға жеткен қарыз санының 48 пайызы тұтынушылық несие, 31 пайызы ипотека, 10 пайызы автонесие, 6 пайызға жуық кепілге алынған несие болса, қалған 3 пайыздан астамы кредиттік карта қарызы. Ал осындай қарызға кірушілердің 18 пайызы несие төлеу мерзімін 90 күннен асырып, қарыздарын қайтара алмай жүр. Бұл тұрғыда «төлей алмаса неге несие алады?» деген сұрақ туады. Дегенмен, қиналса несиеге жүгінуі қазіргінің әдеті. Алмасқа амал жоқ... Қымбатшылық заманда «кімнен аламын?», «қайда барамын?» деп сабылатындықтан соңғы амалы да осы болып шығады.

Заңнамада несие алуға қандай шектеулер қойылса да амалын тапқан банктер халыққа түрлі жеңілдетілген несиелерін ұсынып, ұялы телефондарына смс хабарламалар жіберуін тоқтатар емес. Онсызда қарызы бар халыққа қоңырау шалып, өздерінің жеке ұсыныстарын айтып жатқандар да аз емес. «Тым болмаса ай сайынға төлейтін несием азайсын» деген ниетпен қайта қаржыландыру (рефинансирование) рәсімдеп, жылдық қарызы көбейіп жатқандар да бар. Сонда, мемлекет басшысының халықтың қарызын азайту мақсатында қабылдап жатқан заңдар мен шешімдер не үшін, кім үшін? Жылдан-жылға саны артып келетін несие мен қарыз алушылар саны азаяды ма? Үлкен-кішілі микронесиелік ұйымдар, банктер қарызға онсызда белшесінен батқан халықты қайта несие рәсімдеуге жан дүниелерін салып көндіреді, заңға бағына отырып, несие берудің жаңа амалдарын ойлап табады. Неге?

А. БЕКМОЛДИНА.

АҢДАТПА

МИНЭКОЛОГИЯ — 3 стр.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ — 4-бет

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ? — 7-бет

ӘҢГІМЕ — 8-9-бет

ПРИЧИНЫ ГИБЕЛИ ТЮЛЕНЕЙ НА КАСПИИ

АТТЕСТАЦИЯДАН АТТАП ӨТКЕН ДИРЕКТОР НЕМЕСЕ ЖАЛҒАН ДИПЛОМ

АНТЫНА АДАЛ ЖАНДАР



МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ҚАРАҒАЙЛАР ЖЫЛАҒАН КҮН

немесе кесілген ағаштар жыры

Жалғасы. Басы 1-бетте

Екатерина Тусупбаева, қала тұрғыны:

– Меніңше, жап жас ағаштарды кесіп тастау ақылға сыймайды. Бұл ағаштарды шаппай тұрып қауіп келтіретін қайсысы екенін зерделеп барып, кесу керек еді. Бұған мектеп басшылығы қарағайлардың балаларға қауіп төндіріп тұрғанын, болашақта мұнда шырша ағашы егілетінін айтып жатыр. Егер тамырын алып қарасақ, қарағайдікі жайылып, шыршанікі тік өседі. Яғни, шырша ағашы одан да қауіпті.

Осы іске қатысты арнайы жиын өтіпті, күлкі келтіргені: қарағайды кесіп тастап, артынша бұл істі шешуге кірісқені қалай? Жергілікті блогер Instagram әлеуметтік желісінде жазғандай, жиын-нан кейін кінәлі адамды жазалау керек деген шешім қабылдапты. Бірақ нақты кімді екенін ашып айтпаған. Және кесілген 10 қарағайдың орнын 100 шыршамен толтырмақшы. Ал, мұны тұрғылықты адамдардың бірі де қолдамаған сыңайлы. Жас қарағайларды кесіп тастау оқиғасы текеліліктерге жайсыз тиді. Айналаға көрік беріп, ауаны тазартып тұрған ағашты кесудің қажеті қанша еді, қарағайлардың жазығы не?!

Қала тұрғындарымен тілдесуде *«қауіпсіздікті ойласа, мектепке қарама-қарсы орналасқан жатақхана ауласындағы құлайын деп тұрған қарағайларды неге шаппаған»* деген ойлар да айтылды. Елдің бұл үні де ескерусіз қалмас. Ал мына істен нәтиже болса, қуанар едік.

...Бала қауіпсіздігі үшін дегенімізбен де қарағайлар да жыламасыншы...

С. ӘЙТЕНОВА.
ТАЛДЫҚОРҒАН-ТЕКЕЛІ

ҚОҒАМ ҮНІ

ОРЫНДЫҚТАР ОРЫНСЫЗ ТҰР МА?

Кезінде үлкендер «Теріс қарап отырма», «Өй-й-й теріс баққырлар-ай» деп теріс жасаған қылығыңды көрсе ашуланып, бір сыбап алатын. Біз сондай қатаң тәрбиеде өскен жанбыз, балам. Ал қазіргілер не? Оң мен солын, дұрыс пен бұрысын, оң мен терісін білмейді ме?, – деп налыды қала тұрғыны Бекәділ ата.

Редакциямызға келіп, қозғайтын мәселем бар, бұған бейжайлық таныта алмаймын деген қария сөзін тыңдап көрдік. Айтуынша, қала көшелері бойындағы орнатылған орындықтар орынсыз, кейбіреуі теріс қаратып қойылған.

– Мен зейнеткермін. Үйде болғандықтан кейде сыртқа шығып серуендеп, қала орталығына келіп өзім секілді замандастарыммен әңгіме-дүкен құрып отырамын. Осы қаланың тұрғыны болғандықтан бұл дүниелерге көзімді жұмып қарай алмадым. Көшемен бойлап келе жатып қарасаң кейбір орындықтар дұрыс аумақтарға орнатылмаған, оның да қойылатын талаптары болуы керек қой, кейбірінің жанына қоқыс жәшігі де қойылмаған, – деген ақсақалдың базынасына құлақ түріп, әңгімесін дәл сол орындықтарды бойлай жүріп тыңдап қайттық.

Қаланы көріктендіруге, жарықтандыруға миллиондаған қаржы жұмсалады. Мұның барлығы осында тұрып жатқан ел-жұрттың игілігі үшін жасалып жатқан дүние. Десе де, аракідік шаһарды аралап жүріп осындай олқылықтарды көзіңмен көріп, терең ойға шомып қаласың.

Ақсақалдың сауалына жауап алуда осы іске жауапты мекеме «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне хабарластық.

«Қабанбай батыр көшесіндегі саябақ құрылғылары» жобасын іске асыруды мердігер «ПМК-7к» ЖШС 2020 жылы бастаған. Алайда ескертулерге байланыс-ты нысан пайдалануға берілмей қалды. Бүгінде осы іске қатысты Алматы облысы бойынша МСЭҚБ-ның жұмыстарды аяқтау туралы сот шешімін орындау үшін атқарушылық істер жүргізілуде. Мердігер компания істі толық бітірмей, аяқсыз қалды. Қазіргі уақытта біз қолдан келген шараларды қолданудамыз. Дегенмен орындықты қайта орнатуға қатысты ұсыныс назарға алынып, ескеріледі. Мүның нәтижесін алдағы уақытта қосымша хабарлайтын боламыз», – деп жауап берді аты-жөнін атамауды жөн көрген мекеменің қызметкері.

Ал, бұл мәселеге қатысты сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?

Арайлым НҰРЖАПАР

МАМАН МІНБЕРІ

СОТҚА СЕНІМДІ АРТТЫРУ ЖОЛЫНДА

МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕ СОТ БИЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ҚОҒАМНЫҢ МҮШЕЛЕРІН КЕЗ КЕЛГЕН БАССЫЗДЫҚТАН ҚОРҒАУ, ЯҒНИ БАСҚА АЗАМАТТАРДЫҢ БАССЫЗДЫҒЫНАН, МЕМЛЕКЕТТІҢ, ОНЫҢ ОРГАНДАРЫ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТЕРІС ӘРЕКЕТТЕРІНЕН ҚОРҒАУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Мұндай қызметті жүргізбей мемлекет құқықтық деп есептелінбейді. Қоғамда пайда болатын даулардың құқық негізінде шешілуін қамтамасыз ете отырып, қоғамдық өмірдің барлық субъектілерінің заңға бағынуы, сот билігінің заң шығару мен атқару биліктерінен оқшаулануында және олардың қызметіне құқықтық қадағалауды жүзеге асыруында маңызды рөл атқарады.

Атап айтсақ, Қазақстанның мемлекеттік құрылысының жаңаша қалыптасуы, дамуы кезеңінде келістілік жағдайында қызмет етудің басты құралы – мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді қызмет атқару жүйесін жаңаша оқып-үйрену, зерттеу қажеттігі туындайды. Сондықтан заң ғылымының кезек күттірмес мәселелерінің бір бөлігі – сот құрылысы, сотта іс жүргізу, мемлекеттегі сот төрелігі дамуы принциптерінің ғылыми-құқықтық, теориялық-тәжірибелік өзекті мәселелері және олардың мән-мағынасын зерттеу болып табылады.

Соңғы жылдары сот жүйесінде ашықтық принциптеріне көңіл бөлініп, нақты қадамдар жасалуда. Бүгінгі күні сот жүйесінде құқықтың үстемдігі жағынан үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Электронды сот өндірісін іске қосудың негізгі мақсаты – тұрғындардың сотпен байланысын жеңілдету, олардың өздеріне қолайлы кез келген уақытта сот төрелігіне жүгінуіне жағдай туғызу, сот үрдісін ашық, айқын жүзеге асырып, заң үстемдігін орнату екені белгілі. Сот жүйесінің ашықтығы – азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыру. Қазіргі таңда сот жүйесін жаңғырту үшін электрондық технологиялардың көмегі қолданылып жатыр. Нәтижесінде, қағазбастылықтан арылып, қылмыс және заң бұзушылықтардың анықталу деңгейі жоғарылады. Саяып келгенде, ең бастысы – қағазбастылықтың жойылуы өз кезегінде саланы ашықтыққа, жариялылыққа жетелеуде. Қазақстандағы сот жүйесін цифрландыру процесіне келер болсақ, соңғы жылдары сот реформаларының нәтижесінде бұл салаға ақпараттық технологиялар кеңінен енгізілуде. Яғни, сот залдары қазіргі заманға сай сапалы аудио-бейнежазба жүргізуге арналған техникаларымен жабдықталып, барлық іс-қағаздар мен құжат айналымдары электрондық форматқа ауысты. Сыбайлас жемқорлық фактілері азайып, сот қызметкерлерінің қызмет көрсету сапасы жақсаруда. Сонымен қатар цифрлық технологиялардың көмегімен сот отырыстарында заң бұзушылық деңгейі төмендеп, халық соттың әділ шешім шығаруына сенімі артуда.

Тағы бір айта кетерлік маңызды мәселе, елімізде жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформалардың жемісті нәтижелері бізді жаңа белестерге бастайды. Мемлекетті басқарудың саяси құралдарының қатарында биліктің дербес саласы – сот билігінің орны мен мәртебесі айрықша екені даусыз. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев үстіміздегі жылдың қыркүйек айында сот жүйесіне жаңа реформа жасау жайлы ұсынысын жариялайтынын мәлімдеуде. Демек, сот жүйесін жетілдіру жөніндегі пәрменді шаралар жалғасын таба бермек.

Ержан ЖАНҰЗАҚОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

Кабанбай батыр кошесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

СОСТОЯЛОСЬ ЗАСЕДАНИЕ КОМИССИИ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА, РЕЕСТР АЛМАТИНСКИХ ТОВАРОПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ ПОКАЖЕТ ПОТЕНЦИАЛ ГОРОДА.

На площадке Палаты предпринимателей города Алматы состоялось заседание комиссии по контролю местного содержания города Алматы. В прошлом году работа комиссии показала свою эффективность, выросла доля местного содержания.

Расширенное заседание прошло под председательством заместителя акима города Алматы Алишера Абдыкадырова. Об итогах полугодия рассказал заместитель руководителя Управления предпринимательства и инвестиций г. Алматы Дени Ахмаров. Также был заслушаны доклады о планируемых и строящихся объектах строительства и новых дорог южной столицы.

Целью заседания является определение ответственности сторон при предоставлении отчетности по проводимым закупкам и исполнение требования о применении материалов казахстанского производства при строительстве.

О работе комиссии рассказал директор палаты предпринимателей города Алматы.

«В прошлом году были проведены 50 заседаний. Мы провели выезды на более 50 предприятий. Провели 60 семинаров для местных исполнительных органов и ОТП по вопросам продвижения продукции, процедуры участия в закупках, составления отчетности. По программе ДКЗ у нас доля местного содержания составила более 90%, что является высоким показателем. В том числе в рамках программы «Экономики простых вещей» по 8-ми отраслям все KPI были достигнуты. Была оказана точечная поддержка по дозагрузке предприятий. Но нерешенные проблемы остаются. Сейчас самый момент оптимизировать дальнейшую работу комиссии», – отметил Айтуар Кошмамбетов.

Для эффективности Комиссия работает не только с акиматами, но и с госсектором, квазигоссектором, субъектами естественных монополий. Несмотря на положительную динамику, у всех предпринимателей проблема одна: в проектно-сметную документацию продолжает закладываться импортная продукция, не соблюдается Закон заказчика застройщика, не налажена связь госорганами с ОТП.

Причина создания комиссии появилось с проблемами продвижения отечественной продукции. Например, компаний экспортеров несырьевого сектора в Казахстане всего 550. В тоже время компаний, которые завозят в Казахстан импортную продукцию и продают, более 16 тыс.

«Что мы видим? Мы видим, перекос экономики в сторону потребления. Ещё мы видим, это закупки из иностранных источников. Что это означает? Это означает, что появились такие определенные прослойки предпринимателей, которые называют себя тендерщиками, они выигрывают тендеры в Казахстане и закупают продукцию заграницей. Зачастую проблема в том, что подобные товары, которые закупаются из заграницы есть у нас в Казахстане, даже в Алматы», – подчеркнул Максим Барышев.

Члены комиссии предложили решение: приоритет в закупках отдавать именно алматинским производителям. То есть если закупщик – местный исполнительный орган города Алматы, то в первую очередь закупать нужно у алматинских производителей. В тот момент, когда заполнятся полностью все производственные мощности, тогда закупать у казахстанских производителей. И когда здесь у нас Казахстане мощности будут на 100% заполнены, только тогда переходить к закупкам у иностранных компаний.

«Что мы видим, как результат? Это увеличение загрузки производства, но и также мы видим увеличение поступлений налогов в бюджет МИО. Так как налоги в бюджет в МИО поступают от предприятий малого и среднего бизнеса. Есть также и социальная роль комиссии, здесь местные товаропроизводители нанимают работников алматинцев или жителей алматинской области. И сотрудник получают заработную плату, уверенность в завтрашнем дне», – добавил Максим Барышев.

Сессия вопросы-ответы прошла в дискуссиях, участники задавали свои вопросы, высказали предложения.

По итогам заседания было решено возобновить выезды мониторинговой группы на строительные объекты совместно с членами комиссии и местными исполнительными органами в ближайшее время для того, чтобы контролировать использование казахстанской продукции.

Председатель комиссии Алишер Абдыкадыров отметил, о необходимости создания единого реестра производителей города Алматы, который покажет реальный потенциал города. Также было решено, что совещания комиссии будут проводиться на постоянной основе два раза в месяц.

Ш. ХАМИТОВ.

ЗАКОН

В КАЗАХСТАНЕ ИСТЁК СРОК МОРАТОРИЯ НА ПОВЫШЕНИЕ ТАРИФОВ НА КОММУНАЛЬНЫЕ УСЛУГИ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.

КОММУНАЛЬНЫЕ УСЛУГИ ПОДОРОЖАЮТ

Мораторий позволил сэкономить казахстанцам в общей сумме 3,2 миллиарда тенге.

«Во втором полугодии ожидается изменение тарифов в пределах коридора инфляции текущего года», — сказал вице-министр экономики Тимур Жаксылыков на заседании правительства.

Чтобы не допустить резкого роста тарифов на коммунальные услуги, будут приняты следующие меры:

контроль целевого использования средств;.

совершенствование механизмов жилищной помощи;.

индивидуальный подход к каждому региону с учетом текущей социально-экономической ситуации региона.

Ранее в правительстве докладывали о долгах казахстанцев по коммунальным услугам. На сегодня дебиторская задолженность потребителей за коммунальные услуги составляет порядка 14,8 миллиарда тенге. По сравнению с прошлым годом отмечается уменьшение на порядка 214 миллионов тенге (в 2020 году – 15 миллиардов тенге).

Наибольшая дебиторская задолженность сохраняется в:

Нур-Султане – 3,2 миллиарда тенге;.

Алматы – 2,4 миллиарда тенге;.

Шымкент – 2,1 миллиарда тенге.

С 1 июля 2022 года во всех газифицированных регионах Казахстана потребители, получающие государственную адресную социальную помощь и (или) жилищную помощь, платят за товарный газ по сниженной цене. С 1 апреля 2022 года такая льгота для вышеназванной категории в качестве пилотного проекта введена в Таразе и Уральске. Они получают товарный газ по цене на 20 процентов ниже, чем остальные категории. Это коснулось более трёх тысяч жителей двух областных центров, сообщили в Комитете по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК (КРЕМ). Потребители этой группы могли увидеть сниженную цену на газ в апрельских квитанциях.

По данным Бюро национальной статистики, цены на платные услуги в Казахстане за год (с декабря 2020 по декабрь 2021 года) выросли на 6,5 процента. Но если вклад платных услуг в инфляцию в целом составил 2,04 процентных пункта, то доля тарифов и цен на регулируемые коммунальные услуги субъектов естественных монополий и общественно значимых рынков составила всего 0,22 процентных пункта.

МИНТРУД

УЛУЧШЕНА ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ

Меры соцподдержки позволили улучшить демографическую ситуацию в РК Министр труда и социальной защиты населения РК Тамара Дуйсенова в ходе рабочей поездки в Атыраускую область провела встречу с представителями НПО и организаций ветеранов, женщинами, в том числе многодетными матерями, пенсионерами. Об этом передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу ведомства.

«В 2021 году на выплату пенсий и социальных пособий из государственного бюджета направлено около 4 трлн тенге для 4,9 млн получателей. Это составило почти четверть всего бюджета страны. Численность получателей пенсий и пособий в Атырауской области в 2021 году составила 193,5 тыс. человек или 29,3% всего населения региона, общая сумма выплат – 125,6 млрд. тенге», – сообщила глава Минтруда.

Она проинформировала, что принимаемые государством меры социальной поддержки позволили улучшить демографическую ситуацию в стране. В 2020 и 2021 году установлены самые высокие показатели рождаемости с начала независимости республики (в 2020 году – 426,8 тыс. детей, в 2021 году – 446,8 тыс. детей). При этом наблюдается положительная тенденция по рождаемости третьего, четвертого, пятого и более ребенка в семье.

Запуск Портала социальных услуг позволил сократить время обеспечения средствами и услугами реабилитации от восьми месяцев до двух недель.

«Однако все еще есть вопросы к качеству средств реабилитации, политике ценообразования, которой придерживаются поставщики. Поэтому работа в данном направлении будет продолжена», – сказала Тамара Дуйсенова.

Особое внимание глава МТСЗН уделила вопросам пенсионного обеспечения. Она сообщила, что на сегодняшний день в республике насчитывается 2,2 млн. пенсионеров, в том числе в Атырауской области – 62,3 тыс. человек.

По состоянию на 1 июля текущего года средний размер пенсии с учетом базовой по республике составил 117,5 тыс. тенге, в Атырауской области – 116,2 тыс. тенге.

МИНЭКОЛОГИЯ

ПРИЧИНЫ ГИБЕЛИ ТЮЛЕНЕЙ НА КАСПИИ

Как передает корреспондент КазТАГАлена Субботина, выводы комиссии по причинам гибели тюленей на Каспии озвучил министр экологии, геологии и природных ресурсов Сериккали Брекешев.

«С начала 2022 года общее количество мертвых тюленей, обнаруженных на участках Каражанбас и юго-западной оконечности полуострова Тюб-Караган составило 220 штук. Они были вынесены штормовыми северо-западными, западными ветрами с акватории северного и среднего Каспия. Рабочая группа пришла к следующим выводам: в связи с тем, что обнаруженные туши морских животных находились в стадии сильного разложения, то произвести отбор тканей для проведения токсикологических, гистологических, вирусологических исследований не представилось возможным. Учитывая степень разложения обнаруженных туш тюленей – морские животные погибли несколько месяцев назад. Внешний осмотр и промеры тел удалось провести только у 67 туш тюленей, которые выявили, что около 25%, или 17 особей имели на теле следы механических воздействий, которые привели или могли привести к их гибели», – проинформировал министр во вторник.

Причинами механических воздействий, по заключению экспертов, могли быть: прилов тюленей в рыболовные сети; нанесение травм живым или мертвым тюленям при их запутывании в запрещенных орудиях отлова, крючках; попадание под винты судна.

«Крючки – это варварский способ ловли, такое орудие улова у нас запрещено. Возраст удалось установить только у 19-ти из обследуемых особей, из которых 52% или 10 особей были щенками, рожденными в зиму 2021–2022 года. Смертность щенят объясняется их истощением, замерзанием вследствие попадания в воду, выносом льда с новорожденными тюленями в открытое море. Теплая зима 2021–2022 года была неблагоприятна для размножения тюленя на льдах, поэтому указанные факты стали причиной естественной смертности тюленей. В целом возраст самой взрослой особи из обнаруженных тюленей составил 13 лет», – пояснил Брекешев.

Он также прокомментировал возможную связь гибели тюленей с выполнением дноуглубительных работ на Кашаганском месторождении.

«Гибель этих тюленей многие связывают с выполнением дноуглубительных работ компанией NCOC, которая разрабатывает Кашаганское месторождение. Результаты исследования 2021 года свидетельствуют об отсутствии значимого влияния дноуглубительных работ на зоопланктонные сообщества. Вместе с тем, на зоопланктонные и фитопланктонные организмы и макрозообентос оказывается воздействие средней степени значимости, что соответствует проекту оценки воздействия окружающей среды в 2020 году. Во время проведения дноуглубительных работ принимаются все необходимые меры для минимизации их воздействия на морские организмы, в том числе на каспийского тюленя», – заверил министр.

Согласно заключению экспертов, пробы воздуха, отобранные департаментом экологии по Мангистауской области с места обнаружения погибших тюленей не содержали вредных веществ. В пробах воды были незначительные превышения предельно допустимой концентрации металла, никеля, около 400 миллиграмм на кубический дециметр.

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

АТТЕСТАЦИЯДАН АТТАП ӨТКЕН ДИРЕКТОР

немесе жалған диплом

ҮШ АИ, ТОҚСАН КҮН, ЖАЗ МЕЗГІЛ ДЕ АТҚАН ОҚТАИ ЗУЛАП БАРАДЫ. ЕНДІ БІР ЖАРЫМ АЙДАН КЕЙІН ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ. ҚОҒАМДА ҚЫЗУ ТАЛҚЫҒА ТҮСІП ЖАТҚАН ЕКІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ БАР. СОНЫҢ БІРІ ЖЫРЫ ДА, МҰҢЫ ДА, БІТПЕГЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕПТЕП ФОРМАСЫ БОЛСА, ЕКІНШІСІ БІЛІМ БЕРЕТІН МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІ ҮЛКЕН ТАЛҚЫҒА ТҮСУДЕ. БҰДАН БӨЛЕК МЕКТЕП ҰЖЫМЫН БАСҚАРАТЫН ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ ДЕ МАЙ ШАММЕН ҚАРАЛУДА.

Білім министрі Асхат Аймағамбетов жазғы демалысты доғарып қойып, Түркістан облысында білім ошақтарын аралап, мектеп директорларын сан сауалдың астына алып, білім мен біліктілігін тексеріп жүр. «Қоянның қалжасынан түңілгендей» кей мектеп басшыларының іс-әрекеттеріне налығанын жасырмай жария етуде. Түркістан облысындағы алты ауылға барып, жеті мектептің жұмысымен танысқан білім министрі аралаған мектептерінің ішінде екі мектеп басшысының жұмысына төмен баға берген. Бұл бір ғана Түркістан облысына қатысты мәселе емес, республиканың кез келген өңіріне барса алдынан мен мұндалап шығатын, бір-бірімен шырмауықтай байланысқан білімдегі былық пен шылық, соқтасы жарылған сыздауықтай қанды іріңі сыртқа шығып жатыр. Білім саласындағы білікті, білімді ұстазды жолықтыру, ілуде бір кездесетін «Қызыр-Ілияс» сияқты. Себебі тәуелсіздік алғалы отыз жылдың ішінде білім саласына жасалған түрлі реформалардың сапасыздығы, бірін бастап, екіншісін тастап, орта жолдан қосылған «жолбикедей» жүйесіз, жемқорлықтың ордасына айналдырып жіберді. Жұмыс іздегендер мектеп бұрышын сығалады, директорды паралады. Мұғалімдер мен мектеп директор арасында сағат бөлісу де тамыр-таныстыққа ұласты. Қолынан келгендер қонышынан басып, жалған диплом сатып алып, мектепке педагог болып орнықты. Несін айтасың, құзырлы орган тексерген кезде тіпті, істі болып сотталып келгендерде мектептен жұмыс тапқанын бір кездері бұқаралық ақпарат құралдары «жерден жеті қоян тапқандай» шулап жазған. «Бақсам бақа екен» демекші, жалған дипломмен жұмыс жасау үрдісі әлі үзілмепті. Бұл туралы сәл кейінірек толғармыз. Басты тақырып, оңтүстік өңірді аралап қайтқан Білім министрі көзімен көріп қайтқан мектеп басшыларына қойылған сұрақтарға жауап бере алмауын немен түсіндіруге болады. Құзыреттеріндегі міндеттерін орындауына және қажетті жұмысты ұйымдастыруларына қатысты сұрақтарға жауап бере алмаған мектеп басшыларынан не күтуге болады. Асхат Аймағамбетовтың айтуынша «Мектептердің біріндегі кітапханашыға «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарып жатқан жұмысы үшін алғысын айтса, ал екі мектепте осы жоба бойынша жұмыс тиісті деңгейде орындалмағанын, кейбір мектеп басшыларының аттестациядан өту мерзімі өтіп кетсе де қызметте жүргенін, облыстың кей аудандарында 5 жылдан астам уақыт бойы аттестация өткізілмегенін сынға алды. Демек облыстық, аудандық, қалалық білім басқармалары мен білім бөлімдері «отыр жамбасым оңай, піс қазаным бес ай» деп жұмсақ орындығында ұзақ отырып қалған мектеп директорларын аттестациялауға неге асықпай отыр деген заңды сауал туады. Кейінгі кездері мектеп директорлары мен мұғалімдер арасындағы дау-дамай ұлғайып кеткен-ді. Бір ғана Алматы облысында Кербұлақ және Қаратал ауданындағы мектеп директорларының у-шуы республика көлеміне тарап, жоғарыдан тексеру келіп, Қараталдағы мектеп директоры орнынан алынып, Кербұлақ ауданындағы мектеп басшысы мен Малайсары ауылындағы мектеп директоры бірін-бірі сотқа сүйреген оқиғалар да болған-ды. Ал білім министрі Асхат Аймағамбетов алдағы уақытта басқа да облыстардың мектептерін аралайтынын айтуда. Демек әлі талай директорлардың сыры мәлім болатыны айдан анық. Білім ошақтары басшыларын аттестациялау әр бес жылдан артық бір орында отырғызбау туралы ұсыныс айтылғалы бері аттестациядан өтпеген. Демек білім ошақтарын басқарып отырған директорлардың сүйенерлері мықты болып тұр ғой. Білім министрі халыққа есеп беру кезінде мектеп басшылары мен орынбасарларына қосымша үстемақы берілетіні жөнінде айтқан болатын.

«Біздегі мектеп басшыларының жалақысы – үлкен мәселе. Бұл түйткілді жоққа шығаратын әріптестеріміз де бар. Шын мәнінде менеджмент саласына көп сұрақтар тиесілі. Сондықтан осы мектеп басшыларының біліктілігі, білімділігі және олардың тиісті жалақы алуы мен жұмысқа алу механизмі өзгеруі тиіс. Қазіргі уақытта біздің директорлардың жалақысы өте аз, жеткіліксіз. Біріншіден, биылғы жылы және 4 жылдың ішінде 2 есе өседі. Екіншіден, енді директорларды және олардың орынбасарларын аттестаттаудан өткізу институты енгізіліп жатыр. Ол дегеніміз – енді мектеп директорлары мен орынбасарлары жұмыстарының тиімділігін көрсеткен жағдайда ай сайын өздерінің алатын жалақысына 30-дан 100 пайызға дейін қосымша үстемақы алатын болады», – деген-ді.

Министрдің айтуынша, мектеп директорлары мен орынбасарлары осы жүйемен тест тапсырып, нәтижесінде олардың алдағы жұмыс жоспары бекітіліп, тиісті нормативтік-құқықтық актілерді дайындалғанын тілге тиек еткен-ді. Осы айдан бастап мектеп директорлары мен орынбасарлары – аталған жүйемен тест тапсырып, оның нәтижесінде кейбір директорларды орнынан алып тастау мүмкіндігі қарастырылса, кейбіреулерін өзгертіп, басқа мектепке тағайындау мүмкіндігі болады. Тиімді жұмыс істеп жүрген басшылар тиісті үстемақыларын алып, әрі қарай жұмыстарын жалғастыратынын баян еткен-ді. Алайда қызметтік мерзімдері бес жылдан асып кетсе де әлі күнге аттестация тапсырмаған мектеп директорлары орындарын не ауыстыруға, не босатып беруге құлықты емес. Оны Білім министрі Түркістан облысын аралағанда көзі жеткенін ғаламтор желісінде айтты. Соңғы жылдары мұғалімдерге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп келеді. Білікті ұстаздың жалақылары да өсті. Бірақ прокуратура органдарының берген мәліметіне жүгінсек, мектептерде жалған дипломмен жұмыс жасау кәдімгідей әдетке айналып кеткендей. *«Мәселен Алматы облысының білім мекемелерінде 122 жоғары оқу орындарының жалған дипломмен жұмыс жасағандарын құзырлы органдар анықтаған. Тексеру нәтижесінде Сарқан, Қарасай, Көксу, Ескелді аудандары мен Текелі қаласының орта мектептерінде жалған дипломын пайдалану арқылы жұмыс атқарғандар әшкереленді. Білім саласында ұдайы тексеру болатынын біле тұра жалған құжатпен жұмыс жасаған мұғалімдер мемлекеттен заңсыз айлық алып келген. Жалған құжаттар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің атын пайдалану арқылы жасалыпты. Енді олар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 385-бабы 3-бөлігімен айыпталып отыр. Қазіргі уақытта қылмыстық қудалау органымен 41 маманға қатысты қылмыстық істер кінәларын мойындауларына байланысты және «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңына орай ақталмайтын негіздер бойынша өндірістен тоқтатылды және олар қызметтен босатылды. 81 маманға қатысты қылмыстық істер тергелу үстінде»*, – дейді прокуратура органдары.

Сонда деймін-ау, мерзімі асып кеткен мектеп директорлары аттестациядан өтпесе, мұғалімдердің басым бөлігі жалған дипломмен сабақ берсе, білім сапасын кімнен сұраймыз? Бір жылға жуық уақыт болды, Алматы облыстық Білім басқармасының басшысы әлі тағайындалмады. Бұрынғы басшысы жемқорлықпен шатылып жауапқа тартылуда. Алматы облысында қанша директор аттестациядан өтпегенін Асхат Аймағамбетовтің аузынан естімесек, білім басшылары жұмған ауыздарын ашар емес. Есесіне жалған мұғалімдер жаңбырдан кейін шыққан саңырауқұлақтай қаулапты.

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ШЕНДІЛЕРГЕ ТИЕСІЛІ 14 ПӘТЕР ТӘРКІЛЕНДІ

Жиренше шешен аядай күркеден аяғын созып, жата кетіп: «Өз үйім өлең төсегім» деген екен. Сол Жиренше айтқандай тауықтың күркесіндей болса да өз баспанаң болғанға не жетсін! Әлімсақтан келе жатқан жер дауы, жесір дауына енді баспана дауы қосылды. Он сотық жер телімін ала алмай жүргендер мен баспана кезегі сағызша созылғандардың айғай-шуынан құлақ тұнады. Мұнда да бармақ басты, көз қыстылардың айы оңынан туып тұр. Қолында билігі барлар тамыр-таныстарын жарылқап, өздері де заңсыз баспана алыпты.

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиырынан басталыпты» демекші, қаңтар оқиғасынан кейін «Жаңа Қазақстан құрамыз» деген Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасынан кейін бұрынғы шенді-шекпенділердің былық-шылықтары су бетінде көлкіген көбіктей қалқып тұр. Отыз жыл елді аша алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Елбасы Н. Назарбаевтың айналасынан басталған рейдерлік басып алу, баспанаға да жетіпті. Облысты, қаланы басқарған әкім-қаралардың атына тіркелген заңсыз пәтерлер әшкере болуда. «Құрқылтайдың ұясындай үй алу үшін жылдар жылжып, қаншама адам баспанаға кезегін күтіп, зарығып жүргенін айтудың өзі әбестік. 15-20 жылдап кезекте тұрғандар осыдан бір жарым жыл бұрын кезегіміз жақындағанда кері сырғып кетті деп, бұқаралық ақпарат құралдарын шулатқан-ды. Бұл қалай болды деп қалалық «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына бас сұққанбыз. Үй кезегінің кері сырғуына баспана алудың жаңа реформасы себеп болғанын, тұрғын үй бөлімінің басшысы Нұрым Әлиұлы, Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары заңы қайта қаралып, алты санатқа біріккенін айтқан-ды. Бұрын 19 санатта болған баспана кезегі ықшамдалып бір арнаға жинақталғанын, реформаланған жаңа санатқа орай Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жарымжан топтар, жетім балалар, көпбалалы аналар, әлеуметтік жағынан осал топтар, мемлекеттік, бюджеттік қызметкерлер, сонымен қатар әскерилер мен ғарышқа ұшуға үміткерлер және үйлері апатты жағдайда деп танылғандар заңда айрықша көрсетілгенін айтып, 2000 жылдан бастап бұрынғы жүйе, яғни, 19 санат жойылып, олардың бәрі ретке келтірілді. 2017 жылдан бастап «ЦСП» деген орталықтандырылған (Сервистік өнімдік) бағдарлама енгізілуге байланысты кезекте тұрушылардың бірыңғай тізімі бекітілді. Бұл бағдарлама Нұр-Сұлтанда орталықтан басқарылады. Оны ешкім өзгертіп, кезекті сырғыта алмайды. Баяғыдай тамыр-танысына береді, әкімдік сатып жіберді. Туған-туысына, анаған-мынаған бөліп береді деген қауесет енді болмайды. 2020 жылдан бастап Қазақстан бойынша бірыңғай база өндіріске алынды. Бұл бағдарлама 2021 жылдан бастап іске аса бастады. Бұл заңға сәйкестендіру жоспары заңсыздықтардың барлығын біріктіріп, заңға сәйкестендіріліп, алты санатқа бөлінді деген-ді. Алайда «қолынан келгендер қонышынан басып, пәтерлерді тәбәрік таратқандай таратыпты. Оны анау-мынау емес, шенділердің өздері алған. Халықтың кезексіз баспана алғандар бар деген қауесеті шындыққа айналды. Алты санатқа біріккенше, жаңа заңды айналып өткен шенділер заңсыздыққа барғанын, Талдықорған қалалық әкімдігінің баспасөз өкілдері жариялап отыр. Баспанаға кезекте тұру, он сотық жер телімін алу бітпейтін жыр, таусылмайтын аңызға айналды. Екі ортада сарылып кезегін күтіп жүрген қара халық, олардың ішінде әлеуметтік осал топтар мен мүгедектер, көп балалы жанұялардың жан айқайын естісеңіз, төбе құйқаңыз шымырлайды. Олардың көбі әкім-қаралардың іс-әрекеттеріне көңілдері көншімейтінін ұдайы айтып келеді. Бір ғана Талдықорған қаласында соңғы жылдары қарқынды дамыған құрылыстың бірі – баспана салу. Тіпті 6-7, 8-9-шы шағын аудандар ашылуда. Мұндағы салынып жатқан пәтерлер кезекте тұрғандардың санын азайтып жатқан жоқ, керісінше кезекте тұрғандарда өсім бар. Арасында әкімдер спортшыларға, қаламгерлерге, әртістерге баспана сыйлап жатады. Бұл енді әкімдіктің жеке қорынан бөліне ме, жоқ па, ол жағы бізге белгісіз. Мәселен Алматы облысының экс-әкімі Амандық Баталов жомарттық танытып біраз журналистерге үй берген болатын. «Баспаналы болдық» деп бөріктерін аспанға атқан сол қаламгерлер қазір қамығып жүр. Себеп, әлі күнге дейін сол үйлеріне құжат ала алмай жүрген тілшілер: «*Баспана заңсыз берілген деп тартып алса, далада қаламыз ба деп қорқамыз. Не меншікті, не коммуналдық үй екенін біле алмай дал болдық*», – дейді. Қаламгерлерді жарылқап тастадым деген экс-әкім Амандық Баталовтың төңірегіндегі айғай-шу шиыршықтанып ушығып барды. Бұрын осы баспанаға қатысты істі болып, төрт жылға абақтыға тоғытылған журналист Дина Искакова өзінің жазықсыз сотталғанын дәлелдеу үшін кезінде Талдықорған қаласын басқарған Амандық Баталовтың туысы Ермек Алпысовтың және тағы да біраз шенді-шекпенділердің заңсыз баспана үлестіргені, қалай саудалағаны жөнінде жоғары билікке дейін шағымдануы біраз жайдың бетін ашуда. Әділдіктің түбіне жетпей қоймаймын деген тілші іс-әрекетінен кейін және баспана кезегін даулаушылар мен қалалық әкімдік қазір сотқа жүгініп жүр.

Берілген баспаналарға жіті талдау жасаған қалалық әкімдік баспанаға қатысты заңсыздықтардың болғанын айтуда. Бұл туралы Әкімшілік істер бойынша сот алқасының төрағасы Жанат Тазабеков тұрғын үй кезегіне қатысты даулардың көп екенін, олардың көбі сот табалдырығына келгенде «Медиация» арқылы келісімге жүгініп жататынын, әкімдердің баспана берудегі қағидаларына өздері мұқият болуы керектігін, «Алатау» газетіне сұхбат бергенде тілге тиек еткен-ді. Бүгінгі таңда 16 172 азамат баспанаға мұқтаж ретінде есепте тұрса, оның ішінде бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері – 6182, халықтың әлеуметтік осал топтары – 7030, көпбалалы отбасылар – 1652, жетім балалар – 1303, апатты үйлер – 5. Сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін алу кезегіне – 41 945 азамат, оның ішінде 37 715 адам – Өтенай ауылдық округінен, 4 230 адам – Еркін ауылдық округінен болды. Өтенай ауылдық округінің әкімдігі 2022 жылдың тамыз айында тұрғын үй массивінен жеке тұрғын үй құрылысына 514 жер телімін беруді жоспарлап отыр. Қажетті инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген «Жастар» – 3 шағын ауданы дайын тұр. Алайда кезінде заңсыздықтарға жол беріліп, баспана салынып пайдалануға берілгенде сарылып кезекте тұрғандарға берілмей, шенділердің өздері үлестіріп алғаны енді белгілі болуда. Халықтың қамын жейді, жағдайын жасайды деген шенді-шекпенділер әуелі өздерін жарылқап, қала берді тамыр-таныстарын баспаналы еткен көрінеді. Талдықорған қалалық әкімдігінің баспасөзі ғаламтор желісіндегі ақпаратында арнайы комиссияның тексеруінен кейін бұрынғы шенділерге тиесілі 14 пәтердің тәркіленіп, мемлекет меншігіне қайтарылғанын – Tengrinews.kz ақпараттық порталы да хабарлаған. Хабарламада қалалық әкімдігінің мәліметінше, қалада бір кездері заңсыз берілген 1000-нан астам пәтер мен тұрғын үй тексерілмек.

«Алдағы уақытта барлық қайтарылған пәтерлер қолданыстағы заңнама аясында қаламыздың кезекте тұрған азаматтарына бөлінеді. Сонымен қатар бұрын анықталған заң бұзушылықтар бойынша 14 пәтер қайтарылып, кезекте тұрғандарға үлестірілгенін хабарлаймыз. Олардың кейбіреулері көшіп кеткен, бірақ пәтерлер олардың атына тіркеліп, бос тұрған. Ал кейбіреулерінде туыстары тұрғаны айтылған. Демек, мыңнан аса тұрғын үй, шынайы тексерілетін болса, әлі талай заңсыздықтардың бетпердесі ашылатыны айдан-анық», – делінген ақпараттық порталда.

«Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды» дегендей, журналист Сандуғаш Дүйсенова да фейсбук желісінде бұрынғы қызмет атқарған жоғарғы лауазымды шенділердің баспаналарына қатысты қолында айғақ барын, олардың атын атап, түсін түстеген бейнежазбасы жарияланды. Қарапайым халық бір баспанаға зарығып, жылдар бойы сарғайып, сарылып кезегін күтіп жүр. Ал қолында құзіреті бар шенділер өздерін де, туыстарында жарылқап, тіпті қызметтері ауысқан жағдайда алған баспаналарына туыстарын орнықтырып кетеді. Мұндай заңсыздықтармен қанша баспана жекешеленіп, әрі сатылып кеткенін бір Құдай білсін. Сонда деймін-ау, әлгі 19 санаттан, 6 санатқа жинақталған тұрғын үй кезегі енді жүйелі жұмыс атқарса игі. Бір күндері бұдан да шикілік шығып, шенділердің өзі заңды бұзып, баспана бөлуден тағы шу шықса, қуырдақтың көкесі сонда болмасын деңіз.

Бізде өзі реформаланбаған сала қалмады. Заман ыңғайына қарай бейімделіп, әрекет еткенге не жетсін. Бірақ біздің шенділер оңды тұсын меңгермей, бұра-тартып, бүйректен сирақ шығарып алатыны таңдай қақтырады. Әйтпесе 14 баспананы заңсыз алған шенділер «Қу кетті, іс біттінің» керін жасап отқан жоқ па?

Жалпы мемлекеттік қызметтегі шенділерге баспана уақытша берілсе құба-құп. Олар қызметтерін ауыстырып немесе жұмыстан кеткенде уақытша тұрған баспаналарын әкімдіктің өзіне өткізіп кетулері тиіс. Ал еңбегі сіңіп, елге құрметі артқан мемлекеттік қызметшіге өзі отырған баспанасын жекешелендіру құқығы бар. Онда да тиісті бағасына алуы заңдылық болар еді.

А. БҰЛҒАҚОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 25 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05, 03.35 «Жәдігер»
06.30, 01.50 «Теледәрігер»
07.30 «Masele»
08.10 «Көңіл толқыны»
09.10 М/х «Сақшы Арыстан»
10.00, 13.00, 20.00, 01.20 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.30 «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
14.00, 02.40 «Әйел әлемі»
14.35, 03.10 «Ауылдастар»
15.05 «Жүзден жүйрік»
16.00 «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
21.30 «Өмір ызғары»
22.30 «1001 түн»
23.40 «Qazaqstan дауысы»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00 Сериал «В бегах»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Красная река»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер»
13.00 Новости
13.10 Т/х «Тайталас»
15.00 «Алтыбақан»
16.00 Сериал «Давай найдем друг друга»
18.00 Мегахит. «Пуля»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Өмір жолы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
22.30 «Тайталас», «Бөрі»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Чосонның жаңа күні»
13.40 Т/х «Киелі бесік»
14.30 Т/х «103»
15.10 Сериал «Громовы»
16.00, 01.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан олжа»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Dinazaur»
20.00, 03.00 «Astana Times»
20.30 Т/х «Қорықшы»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
02.00 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.25 «Тамаша City»
07.00, 22.20, 03.15 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 Сериал «Статья 105»
14.00, 02.45 «НОВОСТИ»
14.15, 03.00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 04.00 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные Новости»
20.35 Сериал «Реализация»
23.20 «Реализация»Продолжение
01.40 «Спецназ»
05.10 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Ктк қоржынынан»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.20 «AQ мама» реалити-шоу
09.25 «Одиночка»
11.20 «Гроза над тихоречьем»
15.00 «Көріпкел»
15.50 «Саодат»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Предвзятое отношение»
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
01.20 «Игра. Реванш»
02.10 Т/х «Саодат»
03.25 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 «Құйынды мекен»
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «QR.kz»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 02.40 «Әзіл студио»
07.00 «Ризамын»
07.30 «31 әзіл»
08.30, 00.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.20, 12.30 Сериал «Отель «Элеон»
13.25 Х/ф «Лорд-Дракон»
15.55 Х/ф «Неудержимые-2»
18.05 «Рэмбо: Первая кровь»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Секс по дружбе»
01.10 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
06.50 «Арам ақша, адал махаббат»
07.50, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.20 Т/х «Тақиясыз періште»
14.40, 21.50 Т/х «Қанатсыз құстар»
15.40 Сериал «Гадалка»
16.10, 00.00 «Полицейский с Рублевки»
17.20 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
23.00 Т/х «Аяла мені
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Считать недействительным утерянную карточку допуска (международные перевозки грузов) ИП «Раджапов А» на прицеп Kзап 9370 23 NCA05 за №064842

Сейсенбі - Вторник, 26 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30, 02.00 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 01.30 AQPARAT
08.00 «Көңіл толқыны»
09.10 М/х «Сақшы Арыстан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.30 «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
14.00, 02.55 «Әйел әлемі»
14.35, 03.25 «Ауылдастар»
15.05 «Жүзден жүйрік»
16.00 «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
21.30 «Өмір ызғары»
22.30 «1001 түн»
23.40 «Qazaqstan дауысы»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00 Сериал «В бегах»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Пуля»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер-2»
13.00 Новости
13.10 Т/х «Тайталас», «Бөрі»
15.00 «Алтыбақан»
16.00 Сериал «Давай найдем друг друга»
18.00 Мегахит. «Пятнадцать минут войны»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туыны тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
22.30 «Бөрі»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20 «Чосонның жаңа күні»
13.40 Т/х «Киелі бесік»
14.30 Т/х «103»
15.00 Сериал «Громовы»
16.00, 01.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан олжа»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Dinazaur»
20.00, 03.00 «Astana Times»
20.30 Т/х «Қорықшы»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
23.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»
02.00 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.15 «Тамаша City»
07.00, 22.20, 03.05 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Сериал «Отчаянные»
13.10 Сериал «Роман с детективом»
14.10, 02.45 «НОВОСТИ»
14.20, 02.55 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.50 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные Новости»
20.35 Сериал «Реализация»
23.20 «Реализация»Продолжение
01.40 «Спецназ»
05.00 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Ктк қоржынынан»
07.30 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.20 «AQ мама» реалити-шоу
09.25 «Одиночка»
11.15 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
13.00 «Предвзятое отношение»
15.00 «Көріпкел»
15.50 «Саодат»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Предвзятое отношение»
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
01.20 «Игра. Реванш»
02.10 Т/х «Саодат»
03.25 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 02.40 «Әзіл студио»
07.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 00.20 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.20, 12.30 Сериал «Отель «Элеон»
13.30 Х/ф «Секс по дружбе»
16.00 Х/ф «Рэмбо: Первая кровь»
18.00 Х/ф «Рэмбо: Первая кровь-2»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Одержимость»
01.10 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00, 06.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
06.50 «Арам ақша, адал махаббат»
07.50, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.20 Т/х «Тақиясыз періште»
14.40, 21.50 Т/х «Қанатсыз құстар»
15.40 Сериал «Гадалка»
16.10, 00.00 «Полицейский с Рублевки»
17.20 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
23.00 Т/х «Аяла мені
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 27 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Әнұран
06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.30, 01.45 «Теледәрігер»
07.30, 10.00, 13.00, 20.00, 01.15 AQPARAT
08.00 «Көңіл толқыны»
09.10 М/х «Сақшы Арыстан»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 20.30 «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
14.00, 02.35 «Тұлға»
14.35, 03.05 «Ауылдастар»
15.05 «Жүзден жүйрік»
16.00 «Бақытсыздар бағы»
17.15 М/х «Сақшы Арыстан»
21.30 «Өмір ызғары»
22.30 «1001 түн»
23.40 «Qazaqstan дауысы»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00, 16.00 Сериал «Давай найдем друг друга»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Пятнадцать минут войны»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Пәленшеевтер-2»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Бөрі»
15.00 «Алтыбақан»
18.00 Мегахит. «Ночной рейс»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Д/ф «Ұлттық құрылтай»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
23.00 «Вольсбергер-Милан»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Чосонның жаңа күні»
13.40 Т/х «Киелі бесік»
14.30 Т/х «103»
15.00 Сериал «Громовы»
16.00, 01.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Жан олжа»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Dinazaur»
20.00, 03.00 «Astana Times»
20.30 Т/х «Қорықшы»
21.00 Т/х «Жылама, ана»
02.00 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.15 «Тамаша City»
07.00, 22.20, 03.05 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Сериал «Отчаянные»
13.10 Сериал «Роман с детективом»
14.10, 02.45 «НОВОСТИ»
14.20, 02.55 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.50 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные Новости»
20.35 Сериал «Реализация-2»
23.20 «Реализация-2»Продолжение
01.40 «Спецназ»
05.00 «Той заказ»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Ктк қоржынынан»
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 «AQ мама» реалити-шоу
09.25 «Одиночка»
11.15 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
13.00 «Предвзятое отношение»
15.00 «Көріпкел»
15.50 «Саодат»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Предвзятое отношение»
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины»
01.20 «Игра. Реванш»
02.10 Т/х «Саодат»
03.25 «Көріпкел»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Бір туған» телехикаясы
14.15 «Әсем әуен»
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
19.30 Итоговые новости (Алматинский область)
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Жетісу облысының жаңалықтары
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Новости Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 02.40 «Әзіл студио»
07.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 00.20 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.10, 12.10 Сериал «Отель «Элеон»
13.20 Х/ф «Одержимость»
15.50 Х/ф «Рэмбо: Первая кровь-2»
18.00 Х/ф «Рэмбо: Первая кровь-3»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Линия горизонта»
01.00 What s upp?
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
06.50 «Арам ақша, адал махаббат»
07.50, 14.00 Т/х «Жаңа қоныс»
09.00, 01.00 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Балабол»
13.20 Т/х «Тақиясыз періште»
14.40, 21.50 Т/х «Қанатсыз құстар»
15.40 Сериал «Гадалка»
16.10, 00.00 «Полицейский с Рублевки»
17.20 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
23.00 Т/х «Аяла мені
03.00 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ?

АНТЫНА АДАЛ ЖАНДАР

АҚСУ АУДАНЫ, ҚАРАСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ КЕҢЖЫРА АУЫЛЫ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫСҚА ҚАРАЙ 33 ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕ, САРҚАН ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ЖУСАН АРАЛАС ТҰҚЫМДАС ШӨПТЕР ӨСКЕН, ҚЫЗЫЛ ҚОҢЫР ТОПЫРАҚТЫ ТАУАЛДЫНЫҢ ҚҰРҒАҚ ЖАЗЫҒЫНДА ОРНАЛАСЫПТЫ. ОКРУГКЕ КЕҢЖЫРАДАН БӨЛЕК ТАРАС ЖӘНЕ ЕҢБЕК ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІ КІРЕДІ. БІЗ ТАБАН ТІРЕГЕН КЕҢЖЫРА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯСЫНА ЕКІ БІРДЕЙ ЕЛДІ МЕКЕННІҢ ФЕЛЬДШЕРЛІК ПУКТІ ҚАРАЙДЫ.

1994 жылдан бері Кеңжыра ауылының дәрігерлік амбулаториясы болып аталған мекеме тарихына үңілсек, алғашқыда, 1952 жылы «Еңбек» ұжымшарында ФАП болып құрылып, фельдшері болып Юрий Пахомович Маслов жұмыс істеген. Сол кезде Кеңжыра ауылында медпункт, 5 төсекті перзентханасы болса, 1971 жылы Ленин кеңшарының орталығынан 35 төсекті учаскелік аурухана ашылған. Алғашқыда медициналық мекеменің бас дәріге-рі Кеңес Шыныбеков болса, одан кейін, 1976-80 жылдар аралығында Әмина Арынова, Дәулет Даутовтар басқарған. 1981 жылдан бастап бұл мекемені 1-ші санаттағы тәжірибелі дәрігер, аудандық мәслихат депутаты болған Майрагүл Исаева басқарып келген. Қазіргі таңда дәрігерлік амбулаторияның меңгерушілік қызметін Алмас Төлеубайұлы атқарып келеді.

БАЛА кезінен ата-әженің тәрбиесін көріп өскен Алмас Төлеубайұлы Сарқан ауданының тумасы. Қарасу орта мектебінде тоғыз жыл оқып, одан кейін Жансүгіров ауылындағы ауылшаруашылық лицейінің механизатор мамандығы бойынша білім алады. Аталмыш оқу орнын тәмамдаған соң алты жылдай ауылшаруашылық саласында еңбек етеді. Ал 2009 жылы фельдшерлік мамандыққа бет бұрып, үш жыл оқып, диплом алады. Содан бері осы салада үздіксіз еңбек етіп келеді.

«*Медицинада жұмыс істегеніме он жыл болды. Фельдшерлік дипломды алған соң Кеңжырадағы дәрігерлік амбулаторияда жұмыс істедім, 2018 жылы меңгерушілік қызметті атқардым. 2019 жылы Ескелді ауданына қарасты Қарабұлақ ауылында медбрат болып еңбек еттім. Одан кейін Сарқан аудандық ауруханасында істеп, 2020 жылдың жазынан Кеңжыра дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі ретінде қызметімді жалғастырып келемін.*

Кеңжыра дәрігерлік амбулаториясына Еңбек және Тарас ауылдарындағы медициналық пункттер қарайды. Үш ауылды қос-қанда 1552 адам бар. Оның 478-і жасөспірім болса, бір жасқа толмаған 28 бала бар. Ұжымда он тоғыз адам қызмет етеді. Олардың бәрі кәсібіне шынайы берілген білікті мамандар.

Фельдшер – ең қажетті медициналық мамандықтар қатарына кіреді. Оның бойында жанашырлық таныту, тыңдай алу, ықыластылық, мейірімділік сияқты қасиеттердің болуы маңызды. Шырақтық, ұқыптылық, жауапкершілік, күтпеген жағдайларда тез және тиімді шешім қабылдау қабілеті кәсіби тұрғыда маңызды болып саналады», – деген Алмас Төлеубайұлы бір қараған адамға, фельдшер, медбибі мамандығы аса қиындықсыз кәсіп көрінуі мүмкін, шын мәнінде олай емес екенін айтты.

– *Дәрігерлік амбулаторияда алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуге қажетті барлық жағдайлар жасалған. Тегін дәрі дәрмекпен қамту мәселесі де жолға қойылған. 2019 жылы жаңа жедел жәрдем көлігі берілді. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша да бес маман келді. Ауылда еңбек етіп жатқан әр маман аудан орталығындағы дәрігерлермен байланысты нығайтқан. Аурудың асқыну белгіле-рі анықталған жағдайда мамандар науқасқа жол сілтеп, кеңес береді. Біздің басты міндетіміз – сапалы қызмет* – дейді ол.

1994 жылы дәрігерлік амбулатория болып өзгертілген мекемеде тәжірибелі медбикелер Ж. Нұрғазиева, М. Омарова, Ж. Әбдіқалиева, жалпы тәжірибелік медбике М. Сатыбаева, акушер маманы Н. Мұқашева, тіс дәрігері С. Жаманбаев, фельдшерлер А.Егеубек, Ә.Мырзабеков, А. Иемберген, Еңбек және Тарас ауылдарындағы фельдшерлер Б.Ибраева, А. Нұралинова, тазалықшылар Д. Хасенова, Б. Байсова, Л. Шаймерденова, К. Төңірекова, сонымен қатар жұмысшылар Ш.Абейбекова, А. Иманбаевалар ауыл медицинасының дамуына сүбелі үлестерін қосып келеді.

Дәрігерлік амбулато-рия меңгерушісі айтқандай-ақ, ауыл адамы дәрігерді акушер немесе фельдшер деп айырмайды. Олар үшін бәрі бірдей – доғдыр.

* * *

«*МЕДБИКЕНІҢ жұмысы қызық әрі қиын*», – дейді Кеңжыра дәрігерлік амбулаториясында жалпы тәжірибелік медбике қызметін атқарып келетін Мөлдір Сатыбаева. Талғар медициналық колледжін тәмамдаған жас маман алғашқы еңбек жолын Сарқан аудандық ауруханасында бастайды. Одан бері аттай зулап он жыл да өте шықты. Бұл аралықта декреттік демалысқа барып келіп, бүгінде төрт баланың анасы атанған білікті маман Кеңжыра дәрігерлік амбулаториясында қызметін жалғастыруда.

«*2020 жылдан бері осы жерде жалпы тәжірибелік медбике ретінде қызмет атқарудамын. Өз ісім өзіме ұнайды. Бала кезімнен медицина саласының маманы болуды арман еттім. Мен үшін үлкен яки кішіге көмек беріп, қол ұшын созып, қызмет жасау, адам денсаулығы жолында аянбай еңбек етуге атсалысудан артық бақыт жоқ. Сондықтан мамандығымды мақтаныш етемін. Медицина деген білім мен тәжірибені қатар қоятын күрделі сала ғой. Сол себепті, білікті дәрігерлердің ақыл-кеңесі әрбір жас медицина қызметкеріне ауадай қажет деп есептеймін... Мен үшін медбикелік істің басты философиясы адам өмірін сақтау, жеке тұлғаның құқығы мен абыройын сыйлай отырып, қызмет көрсету. Яғни, олар науқастың күтіміне қарап, ұйымдастырып, емделушіге бар ықыласымен қызмет көрсететін жандар. Медбикелер, медициналық топтың белсенді әрі белді мүшесі, кеңесшісі десе де болады»,* – деп ағынан жарылды Мөлдір Сенқұлқызы.

Өз ісіне адал Мөлдір секілді жас мамандар барда ауыл медицинасының ахуалы жандана берері сөзсіз.

* * *

НАУҚАСТАНЫП қалған жандарға аялы алақанымен, жылы қабағымен қуаныш сыйлайтын жандардың бірі – Бақытгүл Ибраева. Ол Кеңжыра дәрігерлік амбулаториясына қарайтын Еңбек ауылындағы фельдшерлік -акушерлік пунктте фельдшер болып еңбек етіп келеді.

Алакөл ауданының тумасы онжылдықты бітірген соң Талдықорған қаласындағы медучилищеге құжатын тапсырғанымен, оқу орнына түсе алмай, екі жылдай ауылда қара жұмыс істейді. Тек 1990 жылы ғана аталмыш оқу орнының студенті атанады.

«*Оқи жүріп сол жерден болашақ жарым Серік Жаманбаевпен танысып, тұрмыс құрдым. Екеуміз де медицина маманы болғандықтан алғашқы еңбек жолымызды Ақсу ауданына қарасты Қопа ауылында бастадық. Елмен жұмыс істеу деген оңай емес қой. Дей тұрғанмен ауыл халқының денсаулығын жақсартуда, өз ісіміздің тәжірибелі маманы болу жолында аянбай еңбек етіп келеміз. Қопа ауылында 2004 жылға дейін жұмыс істеп, сол жылы Еңбек ауылына қоныс аудардық. Содан бері Кеңжыра дәрігерлік амбулаториясына қарасты фельдшерлік-акушерлік пунктте фельдшер болып еңбек етіп келемін. Бұл ауылда төрт жүзге жуық адам тұрады. Оның басым бөлігі қарт адамдар.*

Мен отырған фельдшерлік-акушерлік пункт 1934 жылы салынған, өте ескі ғимарат. Қазіргі заман талабына сай еліміздің ме-дицинасы да қарқынды дамып келеді. Осы орайда айтарым, біздің ауылға да төрт бөлмеден тұратын шағын медициналық пункт салынса, нұр үстіне нұр болар еді. Үш бөлмеден тұратын ескі ғимараттың іші тар болғанымен онда ауыл адамдарына алғашқы көмек беретіндей жағдай жасалған. Бір бөлмесінде екпе салсақ, тағы бір бөлмені екі төсектік күндізгі стационар етіп қойғанбыз. Ауыл халқын скринингтен өткізу ісі де алдыңғы жолға қойылған. Сонымен қатар диспансерлік есепте тұратындар үшін уақытылы тегін дәрі-дәрмек те беріліп тұрады. Кеңжыра дәрігерлік амбулаториясына қарайтын фельдшерлік-акушерлік пунктің бүгінгі тынысы осындай.

Сөз басында жұбайым да медицина маманы екенін айттым. Ол тіс дәрігері болып еңбек етеді. Алла берген төрт баланың бірі біздің жолымызды қуып Алматы қаласындағы медицина институтын бітіріп жатыр. Оның бала кезгі арманы хирург болу еді. Алла қаласа медицинадағы жақсы бір маман болады деп ойлаймын...

Ауру азабын тартып, көмек сұрай келген әрбір науқасқа қарайласу, қолдан келген медициналық көмек көрсету біздің кәсіби міндетіміз әрі адами парызымыз деп білемін», – деген тәжірибелі маманның күн-түн демей шапқылап жүретін еңбегін ауыл халқы бағалап жатса болғаны да...

Отыз жылдық еңбек өтілінде Бақытгүл апайдың басынан қаншама қиын да қызықты күндер өтті. Науқасты ауруханаға жеткізер көлік болмай қалған, жүкті әйелді үйде босандырып алған жағдайларды да бастан кешті. Бірақ еш мойымай, ауыл медицинасының алға жылжуына өлшеусіз үлесін қосып-ақ келеді. Талай қиындыққа төтеп берген аяулы жанның бұл ісін мамандығына деген адалдық деуге болатын шығар.

ЖҮГІ ауыр салада қалтқысыз қызмет етіп, мейірімділік пен жылылықтың символына айналып, ауыл халқының денсаулығын жақсартуда қызмет жасап жүрген кеңжыралық антына адал абзал жандардың еңбегіне табыс тілейміз.

Сарби ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ
ТАЛДЫҚОРҒАН-АҚСУ-КЕҢЖЫРА

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ



МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ

Меңіреу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусып барады. «Жапан түзде жүрген неғылған жан?» – дейді қыз-көңіл алабұртып. «Мен адамдар әулетінің рухымын», дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып. Терең сайға бет алған Ләйлә қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен аймаласып, толыңсып тұратын қияқтай әдемі айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыбырлайтын. Дөпдөңгелек ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. Кейде үңіліп қарап қалған кіпкішкентай Ләйла қызбен, быт-шыл болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Біресе осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей қиғаштай шалқайып керіліп жатып алатын. Бәлкім, сонда үңірейіп, ойылып жатқан жаралы жерге қарап: «Апыр-ай, сенде шынымен-ақ қасиет қалмаған ба? Тозған шүберектей осынша жырым-жырым болып, не күн туды? Түн ішінде сайға келіп, жасырынған мынау неғылған жан? Он алтыдағы бойжеткен қыздың кейпі ме? Сорлы-ау мәңгі бақи бала кейіпте қалуыңа не себеп болған, бұл азаптың қай түрі?» – деп бұлардың өздеріне кінә артып тұра ма? Әлде Қарауылдың жеріндегі бар сойқанды сезіп, әлдекімдерге көктен аңырап, қарғыс айта ма, әйтеуір, жанындағы жұқалтаң бұлттарға екі бүйірегін кезек тіреп алып, зарлап тұрғандай көрінеді. Ләйла айға қараған қалпы, қалғып бара жатыр екен, селт етіп, көзін ашты. Жанарынан үзілген бір тамшы жас дір етіп, иегіне құлады. «О, жарық ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан» – дейді. Солай ма, жарық ай. Мен саған ғана, сенің өзіңе ғана сенемін. Тым болмағанда үмітімді сен ақтарсың. Сонда, бұл жұрт нені айтады? Мен кіммін, осы? Мәңгілік пе? Шынымен-ақ мәңгілік өспей қалған бала кейіп пе?». Ләйлә қыз сөйлеп отыр. Мылқау ай дөңгелеп алыстап барады. Ләйләны да, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қыз болғым келеді. Иә... иә... Менің де әпәдемі, нәп-нәзік қыз болғым ке...л...е...ді...», – Ләйлә, жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қыз көзіне сұп-сұлу, аппақ. Ай үрке қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала бейнеде, өспей қатып қалған Ләйлә, тамыры адырайған егде қолдарын сермеп кекке көтерді.

– Е...е...е...ей... Қашпа, менен, қашпа! Бәрібір, сені тауып аламын. Жасқандың ба, сен де менен жиіркенемісің, сен де менен қорқамысың жарық ай?!

Ай барған сайын алыстап, сырғып барады... Мүгедек қызды да жырым-жырым болып айырылған жер бетін де менсінбей, қап-қараңғы түн серігін қолтықтап, толықсып, кергіп барады, ұзап барады. Ләйлә қыз одан сайын дауыстап, қол бұлғап айғайлап тұр.

– Ертең де қайта оралшы. Ертең де терең сайда кездесейік. Мен сені сонда күтемін. Терең сайдан күтемін жарық ай! Ең соңғы сөздерді айтқанда иегі кемсеңдеп, жүрегі құрғыр алай-дүлей соғып, езіліп кетті. Бұл жолы Қарауылға бет алған Ләйлә қызға Шыңғыс тауының еңселі биік шыңы барған сайын шегіп бара жатқандай көрінді. Бұл жолы қыз түн қойнындағы ербиіп көрінген тау белестерінен бір түрлі сесканіп, үрейленіп келеді. Әлгібір «адам рухымын» дейтін түн иесі де қартайған тау етегінен пана іздеп жүрген қаралы киімділер ме, көзі бұлдырлап кетті. Өзі тұратын Қатира тәтесінің үйіне жақындай бере тынысы тарылып, демі қалтырай шықты. Есіктің тұтқасынан қолын соза беріп, қайта тартып ала қойды. Үй ішіндегі өзіне тосырая қарайтын, ішіп-жеп қадалатын көздерді көргісі келмеді. «Жұрт ұйқыға батқанша отыра тұрсам да болар», – деп есік алдында кідіріп қалды. Сол сәт тосын шыққан дауыстан шошып кетіп, баж ете түсті. Қатира екен.

– Әй, қас қарайса жын қуғандай осы сен қайда кетесің?Не пәлең бар, а?

Ләйлә үнсіз төмен қарады. Ісініп, қызарған жанарын да, әбден сілесі қатып шаршаған күйін де тәтесіне сездіргісі келмеді. «Менің мұңымды бөлісер Қатира ма, онан да үнсіз тұрғанымның өзі жақсы». - дегендей ләм-мим деп тіс жармады.

– Қайда жүрсің деймін мен саған?

Ләйлә тағы да үн қатпады. «Жоқ, жоқ. Терең сайда отыратынымды ешкімге, ешбір жанға айтпаймын. Мен аймен кездесуге, сонымен сырласуға барамын. Жарық айдан басқа жанымды түсінер жан таппаған соң терең сайға жүгіремін. Ол сәтте, мені іздемеңдер, менен сұрамаңдар, мені көрмеңдер!»

– Е, енді саған жетпей жүргені меңіреулік пе еді? Оған да жетерсің, меңіреу де атанарсың.

Қыздың көзі жарқ етті. Қатира мырс етіп, айызы қанғандай қыздың аяқ-қолына сұқтана қарады. Ләйлә қыз мүгедек денесіне сабырлылық жинай алмай, ызаға булығып, қалшылдап барады. Қолы мен аяғына әлдекімнің көзі түсе қалса, қу жанын қоярға жер таба алмай намыстанып, есі шығатын. Мынау шамадан тыс үлкейіп бара жатқан егде қолдар мен жетілмей қалған аяғына ешкімнің көзі түспесе екен, байқамаса екен деп зар қағатын. Ал, Қатира болса әдейі қақшиып, шошына именіп, мұның жанды жеріне тисе түскісі келгендей сұқтана, жиіркене көз тастады. Осындайда Ләйлә-қыздың жаны шырқырап, жасырынар жер таппай алас ұрады.

– Қайда болдың деймін? Мал қораға қайтып, қол жетпей у-шу болып жатқанда, қайда қашып кетесің? Айт деймін енді, ойбай!

Ләйлә көзін жерден алмаған қалпы:

– Адам емеспіз бе? – деп ақырын күбір етті.

Сол-ақ екен Қатира ыршып түсті.

– Сөзді қара! «Адам емеспіз бе», – дейді. Адам сиқы жоқ кейпіңе неге қарамайсың, а?

Қатираның ащы тілі сумаңдап, Ләйләның бала жүрегін қып-қызыл қанжоса етіп тілгілеп, пара-парасын шығарып, түтіп жатыр, түтіп жатыр. Бұрын осындайда жанына тиер сөзді естігенде шыр-пыр болып, зар қағып, жылап еңірейтін қыз, бұл жолы бедірейіп қатқан қалпы, өңі қуарып, Қатирадан көзін алмады. «Сезімсіз, жүрексіз, қатыгез адамның төрт түлігі қашанда сай болады. Табалайсың ғой, табалай бер, табала! Мен осы қасіретті құдайдан сұрап алғанмын! Иә, иә, сеніңше сұрап алған тағдырым осы, осы! Отыңмен кіріп, күліңмен шығып жүрмін емес пе, не жазып едім саған?» Жетілмей қалған сәби бетін жап-жалпақ алақанымен басып алып, жүресінен отыра кетті. Сол қалпы пысылдап бастап, төзімі таусылып, көз жасына ерік берді. Мұндайда бүкшиіп, босағада жылап отырған Ләйлә қызға бірде-бір жан: «Әй, мынаған не болды, тиіскен кім?» – деп сұрамайды да. Бәлкім, осылай бейшара күй кешіп, жылап отыруы заңдылық деп ойлай ма? «Ей байғұс, көз жасыңды біз емес, құдай көрсін. Соның ілтипатын күт, пейілін көр!» - дей ме, теріс қарап күбірлеп өте шығатын. Ләйлә мұны да сезетін. Түн ішінде жарқырап, толықсып шығатын мылқау Айды есіне алып, терең сайға қарай жүгіре жөнелгісі келетіні де сондықтан. Терең сайға түскен Ай сәулесі бұрынғысынан да жап-жарық. Жер бетін кезіп, жылжыған қалпы Ләйлә-қызды іздеп жүр. Қарауылдың суынан да, жерінен де, тауынан да сұрап беубеулеп іздеу салады. «Қайда кеттің?» Неғып бүгін терең сайда жоқсың?» деп ана-дауыс жып-жылы алақанымен қолын жайып, сай ішінде қалықтап жүргендей. Түн жамылған сай іші жап-жарық Ай таң атқандай ағартып барады. «Құлыным-ай» – деген ана-дауыс еміреніп келіп, сай ішін жағалап кетті. Сол-ақ екен тып-тыныш бір әлем орнады да көкірегі қарс айырылып, ана-бейне дауыс салды. «Сен құрсақта жатқанда Дегелең тауының түбінен жер астын дүмпілдетіп, жарылыс болып жатушы еді, сол басылды ма? Іңгәләп, бесікте жатқан сен талай рет сол жарылыстан қорқып, шыр етіп, қолды-аяққа тұрмай безілдеп кетуші едің. Сол әдеттің ес білгенше қалмап еді... Сен Шыңғыс тауының етегінен көтерілген ауадағы қып-қызыл, саңырауқұлақ іспетті лаулап тұрған алауға қызығып, жүгіре жөнелетін едің, қазір ше? «Апа, тау жақтағы әуеде қалықтап тұратын саңырауқұлақ бүгін тағы да түсіме кірді» – дейтін ең. Сонда әжең жарықтық: «О, қарғатайым-ау! Сен де, құдай жеткізсе сол саңырауқұлақ сияқты, жұрттың көзінің жауын алып, лаулап тұратын боласың», – деп мейірленіп, маңдайыңнан сүюші еді. «Қазір қайдасың? Қайда кетіп қалғансың?» Сай ішіндегі да-

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

уыс әлсіреп сөніп, Ай көтеріліп, биіктеп бара жатқандай болды. Сол қалпы, терең сайдағы әр тобылғының түбінен Ләйләқызды іздеп, кезіп барады. Бірақ бұл жолы ай бетіне еміреніп қарайтын терең сайдағы қыз бейнесі көрінбеді. Адамдар қарақұрым болып, көп жиналған жерден бойын аулақ салып, көзге түспеуге тырысып жүруші еді. Қатира қояр да қоймай бұған жік-жапар болып, жабысып алды.

– Жүр, Қарауылда той бар. Сонда барайық. Сен сорлы да бір сейіліп қайт.

Ләйлә не айтарын білмей, кезерген жұқалтаң ернінігістеді берген: «Елдің көзі-ақ... Жұрттың сөзі...» Бұл ойын Қатираға сездіріп, мүсәпір күй танытқысы келмеді. Сылтауратып: «Шаршап отырмын», – деген.

– Қой-ей, жүр енді, жүр! – деп, әйел қызды жұлмалай берді де, көнбейтін болғасын, қолын әр жерден бір сумаңдатып, қытықтай бастады. Қыз қарқылдап кеп, қыстығып күле орнынан көтерілді де, уп-үлкен алақанымен әйелді кеудесінен итеріп қалды. Сол сәт, Қатираның өңі қуп-қу болып кетті.

– Бармасаң қой әрі!

– Барамын! – Кенет Ләйлә әлдекімге ерегіскендей, «Барамын» деді.

«Шіркін-ай, шіркін-ай десейші! Менен басқаның бәрі де бақытты, бәрі де көңілді. Бұл дүниенің бар бақыты – он екі мүшеңнің саулығында екен ғой. Көпке қиған бақыттың өзіне зар болған қандай сормаңдай едім». Ләйлә той өтіп жатқан үйдің көңілді адамдарына қызыға қарады. Бұрқақ-бұрқақ болып төгілген көз жасын әлсін-әлсін ел көзінен жасырып сүрте берді. «Білемін, өспеймін. Құдірет-ау, басқа мазағың жетпегендей, әлі көрсетер қасіретің көп пе? Онан да біржола жоқ етіп неге жібермейсің. Неге неге? Саған да керегім жоқ па, менің қасиетсіз бейнеме ыржаландап күлгің келе ме? Көңіліңе басқа ермек таппай, мәңгі өспейтін қыз тағдырын қызықтайын дедің бе?»

– Ләйлә, Ләйлек! Ақ Ләйлә!

Қыз жып-жылы жігіт даусына елең етті. Қаптаған жұрттың арасынан әлдекім жырылып қолын созып бұған қарай жақындай түсті. «ОЙ...Й, – деп таңданды қыз.

– Құмарды қара, Құмар! Қандай әдемі болып өсіп кеткенсің. Ғажап! Өзіммен бір партада отырған Құмарың ғой, көршім ғой. Құмар... иә, сен мені үнемі «Ләйлек, Ақ Ләйлек дейтінсің. Ләйлек деген құстың аты. Ол сондай нәзік, сүйкімді құс дейтінсің!» Қыз бір түрлі есінен адасқандай есеңгіреп тұрып қалды.

–Таныдың ба? – деді жігіт ақырын жымиып.

– Таныдым. Неге танымауым керек? Сен сондай өзгеріп, әдемі болып кетіпсің. Бақыттысың ғой... Кешір мені, ренжіме...

– Сен де... сен де бақыттысың, Ләйлек. Құмар, қыздың мәңгілік құрысып қатып қалған бала бейнесіне мән бермеді, көрмегенсіді, білмегенсіді. Қыздың онсыз да өзіне қадалған мұңлы жанарына жара салғысы келмеді. Оның ішкі дүниесінің ойсырап тұрғанын да сезбегендей, қыздың кіп-кішкентай иығына қолын салып:

– Ләйлек, жүр билейік. Мен сені биге шақыруға келдім.

Сол сәт, жәудіреп қараған Ләйләқызды жерден көтеріп алып, маңдайынан сүйді. Қыз жүрегі езіліп кетті. Жігіт, қызды көтерген қалпы, қаптаған көпшіліктің дәл ортасына еніп барады. Екеуі де бүкіл дүниені бір сәт ұмыт еткендей, айналып билеп жүр. Ләйлә-қыз көзін жұмды. Басы айналып кетті ме, әлде ұмыт болған қыз сезім селт етіп, мұның әлсіз денесінің тынышын алды ма, көзін аша алмады. Сол қалпы Құмардың мойнынан қапсыра құшақтап қатып қалыпты. Жігіт сәл сыбыр етіп:

– Ләйлек! Ақ Ләйлә, – деді. Қыз есеңгіреп барып көзін ашты.

– Тойға келіп едік. Ауылда ешкім де қалмауға айналған ба, қалай? Сені көріп қуанып кеттім...

Қыз жүзіне қызғылт рең пайда болды. Бір түрлі қысылып, ұялып тұр. Үстіне киген қып-қысқа шыт көйлегінен де, Қатираның қоярда-қоймай мұны бала сияқты етіп, дәл төбесіне қып-қызыл бантик тағып бергеніне де намыстанып, күйіп барады. Бірі балалықтан қол үзіп, бозбаланың күйін кешіп жүр. Бірі керісінше, болашақтан қол үзіп, мәңгілік, мәңгі бақи өспей, жетілмей мүгедек кейіпте қалған. Әлде тағдыр дегеннің өзі осы ма? Өзіне сөйлеп тұрған жігіттің даусы бұл жолы әсерсіз болды ма, әлде тағы бір сүреңсіз, сұрғылт ойдың шырмауына түсіп кетті ме, әйтеуір, Құмардың бірде-бір сөзіне құлақ аспады. Меңіреу адамша сілейіп қатып қалыпты. Қыз егделеп кеткен қолын жасыра қойды. Ұйқыдан оянғандай есін жиып, жан-жағына қарады. Жалғыз өзі.

– Құмар, Құмар! Қайдасың?..

Қыз жан-жағына жалтақтай қарады. Ығы-жығы халықтың арасынан жігітті іздеген қыз, аласұрып, адамдарға тіксіне қарап:

– Құмар қайда? Қайда жібердіңдер, қайда кетті? Қайда... Қайда?! – деп сұрастыра берген. Өмірінде алғаш рет адамдармен қатарласып, арман дүниесінің жалынын мықтап бір ұстағандай еді, ол да сусып қолынан шығып кетті. Жаңа ғана бар қасірет атаулыдан біржола арылып, әуеде қалықтап жүр еді, топ етіп, қара жерге қайта түсті. Қыз тағы да жанұшыра: «Құмар!» деп дауыстап қалып еді, әлдекімдер мырс-мырс етіп күлгенін, пыш-пыш етіп сөйлегенін сезді. «Азаптан, осы бір азаптан құтқарыңдаршы мені», – деп қыз шыңғырып жібергісі келген. Сонда ғана, сонда ғана әлгі бір мейірімі мол, жап-жарық Айды іздеген. Соған қарай ентелеп ұшып, тобылғысы сірескен терең сайға беттеген. Ләйлә қыз көкке қадалып, жас іркілген жанарымен жалаңаш Айды аймалап, иегін көтеріп, ғарыштағы жарық Айға бетін тосты. Бұл кезде Қарауыл қаралы күйде еді. Қарттар жағы күңіреніп, таяғына сүйеніп, күрсініп тұрған. Қара жамылған әйелдер бір-бірімен дауыс салып көрісіп, сай-сүйегіңді сырқыратып зарлап жүрген. Бастарын әрең көтеріп: «Айырылдық қой!» – дейді. Болашақтан үміт жоқ бейбақ болдық қой. Ұрпақсыз тұл қалдық қой. Ата-баба жері еді, күлін көкке ұшырды ғой. Әлсіреген әйелдер бірінің иығына бірі басын сүйеп, еңіреп жылаулы. Есі шыққан Ләйлә Қатираны іздеп таба алмады. Қарауылға не болғанын, неге осынша аңырап, зарлап жатқанын ұқпады. Көзі атыздай болып, шарасынан шығып кете жаздап тұр. «Ойпыр-ай, не күн туған? Не болған адамдарға?!» Қыздың қол-аяғы қалш-қалш етіп, көзі жұмылып бара жатты. Қарауылдың тұрғындары сол күні қақ айырылып, үңірейіп жатқан жерді көрді. Тартылған су мен тұтылған айды көрді.

Сол күнгі еңіреген қалың жұрттың даусы әлдекімдердің құлағына жеткен бе, ақ киім киіп бейтаныс жандар түн ішінде келіп, жетілмей қалған, мәңгілік бала бейне әулетінің бәрін жинап, бітеу қара машинаға тиеп жатты. Ішінен шыққан баласы емес пе, қимастықпен боздаған ата-ана зарлап қала берді. Бұл сәтте Ләйлә терең сайда еді. Оны іздегендер де, іздескендер де таба алмады. Әдеттегідей ел көзінен жасырынып келген Ләйлә қыз терең сайға жетіп, жарық аймен кездескен. Ұзақ үнсіздіктен кейін, балалық бар арман тілегін, Құмарға деген қыз сезімінің бой көтергенін, жасырмай ағынан жарылып түнгі сай ішінде жалғыз өзі күбір-күбір еткен. Сонда ай жарықтық қыз сезімінің тіршілігіне сүйсініп, дірілдеп, жылап тұрғандай көрінген. Сол түннің суық ызғарын да ұмытып, екі тізесін ебедейсіз өсіп кеткен екі қолымен құшақтап алып Ләйлә ұзақ отырды. Орнынан тұра бере, бұрынғыдай емес денесінің ауырлығын сезді. Бойын күздің қара суығы алып қалды ма, әлде ыстығы көтеріліп тұр ма, егде қолдарының күші қайтып, қайраты таусылып, Қатира үйінің есігін зорға ашты. Әйелдің шатынаған көздері қадалып, мұның онсыз да жаралы жанын онан әрі жаныштап жіберді.

– Айтпады деме, енді кешегіді екенсің, күз болмақ түгілі, қыс болса да үйден қуып шығамын, білдің бе?

Қатира екіленіп алыпты. Қыздың құлағына алыстан талып қасқырдың ұлығаны естілді.

– Құмашы!, – деді жалына қарап иегі дірілдеп, көзі бозарып кетіпті.

Ләйлә көзін аша алмады. Мұп-мұздай қолымен аяғына әлдене тиіп кетсе болды-ақ, еріндері қыбырлап: «Құмар, Құмармысың... Сен қайдан жүрсің? Мен сені сол күні ұзақ іздедім емес пе. Кел, өткендегідей мені биікке көтеріп, айналып биле. Кел... Құмар!» – деп сандырақтайды. Қыздың ауыр халіне ешкім де алаңдап көңіл бөлмегендіктен, оның не айтып, не сөйлеп жатқаны үйдегілерге беймәлім еді. Тек сол күні түнде дәрігер келіп кеткеннен кейін ғана қыз әлсіреп басын көтерді. Бас жағындағы өзін бағып отырғандарға көз салды. Екеуі де көрші ауданның басшы азаматтары сияқты.

– Өзіңнің көңіліңді де сұрай келдік, – дегендеріне Ләйлә масайрап, өңі қашқан жүзіне қызғылт рең жүгіріп, көзін жерге салды. Осы келіп отырған екеуден қыз жақсылықтың нышанын күтіп, сөздің аяғын бақты.

– Қарағым Ләйлә, сенің де көрген қасіретің аз емес.

Жазып бір кеткім келуші еді тасқа жыр.*

*Батады дейсің өріме менің кеш күнім!
Жамандықтың көрмедім сенен ешбірін.
Түнеріп тұрат қарлы басың кей кезде,
Төбеге шыққан қарт атам құсапкеш құрым.*

*Мәңгілік жасар Алтай тау сенде жоқ арман,
Мызғымайтын тасбауыр жандай боп алған
Шырқаған шабыт сыйлайтын енді өзің жоқ,
Жұлқынған жырды жазуды менде доғарғам.*

БАҚЫТ ТАҢЫ

*Жүргенім жоқ тірілікте аптығып,
Өмірімде болып жатыр жақсылық.
Көңіліммен бәрін жылы қарсы алдым,
Пенделікпен танытпайын жат қылық.
Тамсандырған дәуірімнің дәурені,
Бұл өмірдің таусылғанша бар демі.
Адалдықпен ақиқаттың жолына,
Жетелейді насихатап ар мені.*

*Алға қойдым ар ожданды сенімді,
Күліп жүрер күнім болсын көңілді.
Арманымның ақ таңына қол бұлғап,
Баққа толы аялайын өмірді.*

*Бақ қойнына еркелейін ақ арман,
Жан шуағын шаштың аппақ таңдардан.
Өмірімнің өксіктерін басып сен,
Бақыт деген таң сыйладың заңғардан.*

*Арайына шомылдырып бақыттың,
Қиялымды биіктерге қалқыттың.
Өміріме бақыт таңы күліп кеп,
Баянды бақ айдына шалқыттың.*

ТАУ ЖАҚҚА

*Ауылдан шығып кеткенім әттең аулаққа,
Аулақта жүріп көзімді салам тау жаққа.
Сағынып бір сәт жырыма қосқым келеді,
Балалық шақтың базарын қалған сол жақта.*

*Сарғайып таудың алаулап таңы атқандай,
Күн нұрын шашқан қия шың биік шатқалға
ай.
Әніме қосып сол тауды аңсап отырмын,
Сендегі думан ойымды менің басқандай.*

*Сол тауды қыстап жайлаған менің ауылым,
Күнгейге соққан аңсадым таудың дауылын.
Жанардан жас боп ағады кейде еріксіз,
Сағыныш болып өткінші сенің жауыннның.*

*Ақырын ескен сағындым сазын самалдың.
Тап-таза жұпар иісін сұлу даланның.
Сол тауда туып, сол тауға қарай күлімдеп,
Сағыныш мауқын баса алмай жүрген
баланмын.*

АРМАНЫМ

*Бар менің әттең, балдан да тәтті
арманым,
Көбелек болып гүлзарыңда неге қалмадым.
Несібесі ғой Тәңірдің берген сыйымен ,
Арайын шашқан бөленді нұрға бар маңым.*

*Арманым мені «биікке шық», деп болжады,
Кедергілерді «жеңе біл», деді жолдағы.
Білмеймін бірақ өзіме-өзім сенбеймін,
Тағдырдың ғана еншісінде ғой ол жағы.*

*Жан сырымды қалдырма арман, сен кешке,
Сор менен бақты түсіріп өттім мен де еске.
Сенімсіз ойдың сан күдігіне шырмалып,
Амалсыз қиял алаңдай берді сенбеске.
Ән қылып өтем арманға толы шақтарды,
Аралап әсем бұл өмірдегі бақтарды.
Үмітім күліп таңдарда күтсін ақ арман,
Кереғардағы кептерден тосып хаттарды.*

СЫР СЕЗІМ

*Сыпайы ғана сырымды іштен ақтарсам,
Орынсыз кетсем жаңылып жолдан шоқ
басам.
Кінәлап мені ығайсыз күйде қалдырма?
Көңіліңе жақпас орынсыз қылық атқарсам.*

*Ғашық болдым толқыған саған сезіммен,
Кешіргейсіз ағаттық кетсе сөзімнен.
Бұл өмірде басқаның маған мәні жоқ,
Тағдырым тұрсын нұрға бөленіп өзіңмен.*

*Бигім дейін демейін сені аласам,
Күлмеші маған назданып саған қарасам.
Өмірдің шырғалаң әсем бағына,
Білемісіз тек ғана сізбен жарасам.*

*Бақытқа санап өзіңмен өткен күнімді,
Кешіре білдің бойымнан тапқан мінімді.
Аңсатып бір сәт алысқа кетсең торығып,
Сағынып қалам өзіңнен бұрын үніңді.*

*Сен ғана жүрсің санамның мына ішінде,
Ұйықтап кетсемде көремін сізді түсімде.
Тірліктің арбасын бірге сүйрейік,
Мен бар жерде жабығып сенде күрсінбе!!*

*Өзіңнен басқа ойлашы маған лайық па?
Қателессем бұйырма мені айыпқа.
Өмірдің татып ащыменен тәрттісін,
Мәңгі бір болайық өмір деген қайықта!*

ЖЫР КИЕ

*Көңілдің хошын көтерсе бір сәт білемін,
Жанымды емдер өлеңім ғана бір емім.
Мақпал түнде қиялым менің түс көріп,
Аралап шықты шабытқа мініп жыр елін.*

*Еркелеп менде жауһар жыр моншақ тағайын,
Сөндірмей жырдың үмітпен отын жағайын.
Жалындаған от жүрегімнің төріне,
Соқтырғандаймын ең әсем жырдың сарайын.*

*Жыр қаламның параққа сиясын тамызып,
Жеткізіп келем ойларымды сан үзік.
Жан жүрегімнен жырымның жағып алауын.
Өлеңімнен өшпейтін қалсын тамыздық.*

*Тартсамда тағдыр ауыртпақ пен азабын,
Өзекті жырдың жаза алмадым ғазалын.
Жазаласаң жазала мені жыр кие,
Көтерем енді қай түрін берсеңде жазаның.*

ҚАСЫМҒА АРНАУ

*Келгенде орта буын жасы мына,
Көкпардың, жырын erттеп тақымыма.
Арқалы шабытпенен жыр арнадым,
Аманжол Рахымжанның Қасымына.*

*Бірі едің, Қасым аға, алыптардың,
Жүзінде нұры ойнаған жарық таңның.
Өлкеде үні қалып өлеңіңнің,
Тауында Қарқаралы қалықтадың.*

*Сыр шертіп Баян таудан шалғайдағы,
Жұлдыз ең, екі көздің маңдайдағы.
Қайран ер жатырмысың жәннәт төрде,
Кешегі сырыңды айтып майдандағы.*

*Күніндей нұрын шашып ақ таңдардың,
Жүрсең де қан майданда жасқанбадың.
Сен жазған, өлең жолдан қуат алып,
Келеді кейде өзіңдей аспандағым.*

*Аманжол Рахымжанның Қасымы едің,
Ардақтар алты алаштың асылы едің,
Қарқаралы тауындай шың биіктен,
Сырғыған, шумақ жырдай тасып едің.*

*Өзіңсің менің ұстаз дара тұлғам,
Өмірің жыр шекпеннен жаратылған.
Сен шыққан жыр әлемнің биігіне,
Келемін қуат алып қанатыңнан.*

ҚЫРАН ҮМІТ

*Алтайымнан ұшқанда қыран үміт,
Адалдықты келемін ұран қылып.
Ел жұртыма жырымды сыйға тартып,
Айналамды жүрейін қуандырып.*

*Талабыма назарын Тәңір бұрып,
Жүйрік жырдың жүрейін жалын буып.
Ақ тілеуін елімнің ардақтайын,
Жүректегі тілегін қабыл қылып.*

*Соғылмасын қиырға қыран шабыт,
Әйгілесе ел-жұртым тұмар тағып,
Қыраныңдай заңғардан түлейінші,
Сырға тартсаң киіп ап жырдан қамыт.*

*Томағамды тартса елім қыраным деп,
Халқыма арнап толғайтын жыр әнім көп.
Айналайын асыл ел қамқоршым сен,
Ақ батаңды тұрады сұрағым кеп.*

АНА ТІЛІ

*Ана тіліңді қадірлей білші, қазағым.
Сол тілде жатыр жыр етер саған аза-мұң.
Күмбезді көктің қыранындай боп үн қатып.
Рухты бол деп жырыма қосып жазамын.*

*Ана тіліңмен, бабаңның оқы дастанын .
Арыңнан биік сол тілің болсын мақтаның.
Төрінде сақтап тіліңнің құнын түсірме.
Өз тілің барда күтпші көшін басқаның.*

*Анаңның тілі бойыңа еніп құндақтан.
Байыта білсең, теңіздей толқыр жыр
дастан.
Құдірет күшін қалайша қолдап қорғайсың,
Рухың әлсіз,жігерсіз болсаң құм басқан.*

*Тіліңді қорғап, ардақтап білсең қадірін.
Бойыңа тылсым, ғажайып сыйлар Тәңірім.
Өмірлік мәңгі, шырағың болып жанатын,
Қазақтың тілі қасиет қонған тағылым.*

*Төрімде тілім өркендеп өрбіп көктесін.
Өзгеріп тілім ,өгейлік күнін кешпесін.
Қаңғыбас итке,қазанын босқа жалатпай.
Қазақпен ғана жылжысын алға тек көшім.*

Қымбат (Қуат) ІРКІТХАНҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ

МИРОВОЕ СОГЛАШЕНИЕ

ВСЕМ ИЗВЕСТНО, ЧТО ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ РЕГУЛИРУЮТСЯ ГЛАВОЙ 17 ГПК РК. К ПРИМИРИТЕЛЬНЫМ ПРОЦЕДУРАМ В СООТВЕТСТВИИ СО СТ.174 ГПК РК ОТНОСЯТСЯ: ЗАКЛЮЧЕНИЕ МИРОВОГО СОГЛАШЕНИЯ, СОГЛАШЕНИЯ ОБ УРЕГУЛИРОВАНИИ СПОРА (КОНФЛИКТА) В ПОРЯДКЕ МЕДИАЦИИ И СОГЛАШЕНИЕ ОБ УРЕГУЛИРОВАНИИ СПОРА В ПОРЯДКЕ ПАРТИСИПАТИВНОЙ ПРОЦЕДУРЫ.

Между прочим, мировое соглашение (мировая сделка) это договор, которым стороны прекращают спор или устраняют иную неопределенность в своих правоотношениях посредством взаимных предоставлений, приемлемых условий (уступок) для них. Иными словами мировое соглашение - это обычный гражданско-правовой договор, которым стороны прекращают судебный спор и устанавливают новые права и обязанности.

Так, еще на стадии подготовки дела к судебному разбирательству судья должен принять меры к примирению сторон и выяснить, не намерены ли стороны окончить процесс путем мирного урегулирования спора. В частности, в соответствии с ч.1 ст.174 ГПК РК суд принимает меры для примирения сторон, содействует им в урегулировании спора на всех стадиях процесса. Проявляя инициативу к мирному урегулированию спора, суд тем самым способствует его разрешению без государственного принуждения и на взаимоприемлемых для сторон условиях. Мировое соглашение стороны вправе заключить только по делам искового производства. Согласно ч.3 ст.174 ГПК РК ходатайство об урегулировании спора с применением примирительных процедур может быть заявлено по любому делу искового производства, кроме дел, вытекающих из публично-правовых отношений, если иное не предусмотрено настоящим кодексом или законом.

Следует знать, что закон требует, чтобы заключенное сторонами мировое соглашение было оформлено в письменном виде (ст.176 ГПК РК) Соглашение подписывается сторонами или их представителями. Последние должны иметь полномочия на его заключение, прописанные в доверенности, в соответствии со ст.61 ГПК РК. Стороны должны подписать его и представить на утверждение суда. Заключение мирового соглашения, как и любое другое распорядительное действие сторон, осуществляется под контролем суда, который всякий раз должен проверить, не противоречит ли представленное сторонами мировое соглашение закону и не нарушает ли оно права других лиц, то есть, суд проверяет законность соглашения (ст.48 ГПК РК).

Надо сказать, что суд не только заинтересован в утверждении мирового соглашения, но и обязан принимать меры по заключению сторонами мирового соглашения. По своему процессуальному значению определение суда об утверждении мирового соглашения и прекращении производства по делу приравнивается к судебному решению и в случае неисполнения его сторонами подлежит принудительному исполнению (ст.178 ч.2 ГПК РК). При наличии такого определения истец не вправе повторно обратиться в суд с иском.

Бакыт ЖАПАРОВА,
главный специалист
Текелийского городского суда.

КОРРУПЦИЯ

РЕАЛИЗОВАН РЯД ВАЖНЫХ ЗАДАЧ

Надо сказать, что для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики. Только эффективное сдерживание коррупции – общепризнанное условие построения правового государства. В государственной программе борьбы с коррупцией отмечается, что коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций и негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны. Для борьбы с коррупцией в республике сформирована законодательная база.

В частности, Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции» направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности Республики Казахстан от угроз, вытекающих из проявлений коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов, должностных и других лиц, выполняющих государственные функции, а также лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией, устанавливает виды правонарушений, связанных с коррупцией, а также условия наступления ответственности.

В своем выступлении Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев отметил, что борьба с коррупцией является одним из приоритетов стратегического развития страны. И в этом направлении реализован ряд важных задач: Казахстан вступил в международную организацию ГРЕКО, законодательно введено освобождение руководителей за коррупционные правонарушения подчиненных, усилена работа по экспертизе нормативно-правовых актов на коррупционные риски.

В условиях модернизации экономики и масштабных социальных преобразований в Казахстане была все более очевидна потребность в целостной антикоррупционной стратегии, тесно увязанной с современной социально-экономической политикой государства. В связи с этим, 26 декабря 2014 года была утверждена новая Антикоррупционная стратегия Республики Казахстан на 2015-2025 годы. Целью Стратегии является повышение эффективности антикоррупционной политики государства, вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы "нулевой" терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение в Казахстане уровня коррупции.

Гульнур ДЖОЛДАСОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ПРИОРИТЕТНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Следует отметить, что на сегодняшний день в Судебном кабинете успешно функционирует сервис по направлению в суды дел об административных правонарушениях органами, уполномоченными возбуждать административные дела, все протоколы об административных правонарушениях и дела поступают в электронном виде в специализированные административные суды и в суды, рассматривающие административные дела. Развитие информационных систем на этом не останавливается, так, в информационно-аналитической системе судебных органов «Төрелік» реализован механизм, согласно которому по вступлению судебного акта в законную силу по делам об административном правонарушении судья в ИАС СО «Төрелік» повторно подписывает постановление, которое в автоматическом режиме направляется в страховую компанию в электронном виде с отметкой о вступлении в законную силу.

Автоматизирован документооборот между судами и органами исполнительного производства (государственные судебные исполнители, частные судебные исполнители). Введен в эксплуатацию функционал по приему из судов исполнительных документов в электронном формате и электронному санкционированию судами постановлений судебных исполнителей по всей Республике. Исполнительные документы судами также направляются в электронном формате.

На интернет-ресурсе Верховного Суда открыт новый сервис «Внешняя оценка судов». Это еще один системный инструмент по оценке работы конкретного суда. Проект «Внешняя оценка судов" реализован как объективный инструмент оценки работы судов и судей с целью определения уровня доверия населения, защищенности прав и законных интересов граждан в суде.

Отличительная особенность анкетирования – проведение его посредством сервиса «Судебный кабинет». Результаты анкетирования и предложения напрямую поступают в главный орган судебной власти – Верховный Суд, что исключает местное влияние на его результаты и итоги.

Развитие современных информационных технологий в процессе отправления правосудия стало приоритетным направлением в деятельности Верховного Суда. Эта работа направлена на достижение доступности, оперативности правосудия, максимальной прозрачности судопроизводства.

В настоящее время во всех судах Республики Казахстан работает автоматизированная информационно-аналитическая система «Төрелік», которая интегрировала в себе весь электронный архив судебных документов, интернет-ресурсы судов и один из главных инструментов для диалога с судами – сервис «Судебный кабинет».

Айнур ОРМАШЕВА,
главный специалист
Талдыкорганского городского суда.

ШАХМАТЫ

ТРЕНИРУЮТ НАВЫКИ БИЗНЕС-МЫШЛЕНИЯ

20 июля с участием предпринимателей, представителей СМИ, блогеров и общественных деятелей был проведен пресс-завтрак, организованный Казахстанской федерации шахмат, - сообщает пресс-служба палаты предпринимателей города Алматы.

Представители федерации рассказали о стратегии развития казахстанской федерации шахмат, о внедрении принципа максимальной прозрачности, об участии в предстоящей олимпиаде, а также ответили на все интересующие вопросы.

Миссия федерации – формирование интеллектуальной нации посредством популяризации шахмат, достижения глобальных успехов и создания равных возможностей для развития. В новый состав федерации вошли ряд бизнесменов и меценатов. Федерация намерена добиться внедрения шахмат в школьную программу в качестве обязательного предмета.

По данным федерации, в Казахстане наблюдается высокая популярность шахмат, которая основывается на успехах казахстанцев на международном уровне. Национальная женская сборная является самой молодой и перспективной в мире. Более 200 тыс. граждан РК активно играют шахматы, более 50 тыс. детей занимаются шахматами. В копилке Казахстана более 40 медалей с чемпионатов мира среди детей и школьников с 2015 года. Более 400 юношей и девушек занимали призовые места на молодежных чемпионатах мира и чемпионатах Азии. на данный момент в секциях и кружках по шахматам более 30 тыс. детей охвачено подушевым финансированием.

Вице-президент Казахстанской федерации шахмат Дармен Садвакасов поделился о достижениях женской сборной.

«Если говорить отдельно про нашу женскую сборную, то наверно, это самая перспективная в мире, оценка базируется в среднем возрасте. Команда Казахстана пятая по рейтингу, самая молодая по возрасту и это безусловно говорит об ее очень большом потенциале. Но самое интересное это команда имеет очень большой резерв. Если говорить о казахстанских талантах, то здесь мы приводим имена: Асель Серикбай, которая на чемпионате мира шахмат среди женщин в декабре 2021 года заняла пятое место, Казыбек Ногербек ставший чемпионом мира в этом году, до этого они конкурировали на различных других соревнованиях», – подчеркнул Дармен Садвакасов.

Спикер рассказал о проблемах масштабирования настольной игры среди подрастающего поколения.

«В принципе наблюдалось недофинансирование шахмат. Это было многие годы и отсутствие качественной шахматной структуры соревнования которые проводятся в Казахстане чаще всего в арендуемых помещениях. Отсутствие достаточного финансирования, отсутствие инфраструктуры, приводит к тому, что есть барьеры для перехода шахматистов, в сумме талантов, выигрывающих детские чемпионаты мира, в профессионалов. В этой части получаются отрицательные цифры, у нас на сотню шахматистов нет ни одного гроссмейстера на сегодня, в лучшие времена – четыре гроссмейстера», – отметил Дармен Садвакасов.

Спикер отметил высокую тенденцию развития шахматного образования в Узбекистане. В соседней стране шахматы включены в школьную программу как обязательный предмет.

Директор Палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов поддержал начинания федерации.

«Массовое обучение шахматам детей – хорошие инвестиций в человеческий капитал. В этом направлении в Алматы есть хорошие возможности. Помимо усилий федерации, в южной столице работают различные кружки, школы. По программе ArtSport дети получили возможность бесплатно обучаться интеллектуальной настольной игре. Шахматное образование должно стать трендом в школах», – отметил Алматы Айтуар Кошмамбетов.

НАШ. КОРР.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЗЕКЖАРДЫ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ кенжелеп тұр

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕДЕ ЕЛ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАТЫН СИҚЫРЛЫ ӨНЕРДІҢ ІРГЕТАСЫ. БІРАҚ ҚАНШАМА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНДЕРІ, ОЙЫН АЛАҢДАРЫ САЛЫНЫП ЖАТСА ДА ОБЛЫСЫМЫЗДА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҢ КЕНЖЕЛЕП ТҰРҒАНЫ КӨҢІЛГЕ ҚАЯУ ТҮСІРЕДІ. ОНЫҢ ТҮЛЕУІ МЕН ТҮРЛЕНУІНЕ НЕ КЕДЕРГІ?

Әуелі тау көтерген толағайлар, күрзі жұдырықты боксшылар, желмен жарысқан желаяқ, құлжаның сақасындай кесек бітімді балуандар қайдан шыққанын ойланайықшы? Әрине ауылдан. Бүгінде сол ауылдағы балаларға тиісті деңгейде жағдай жасалған ба? Жоқ. Өкінішке қарай, ауыл спортында арман көп.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «*Спорт-денсаулық кепілі. Қайталап айтамын, бұқаралық балалар спортына барлық жағдайды жасау қажет. Облыс әкімдері спорттық инфрақұрылымдардың құрылысын кезең-кезеңмен жүзеге асырулары тиіс*», – деді. Ел Президенті айтқан бұқаралық балалар спортын дамытамыз десек, әуелі ауыл спортын дамытуымыз керек.

Өткенімізге үңілсек, кеңес өкіметі тұсында «Қайрат», Тәуелсіздік алғаннан кейін «Ел қайраты» деген ауыл дене шынықтыру спорт қоғамы болды. Олар ауыл-ауылды аралап, жарыс жасап, қара домалақ балалардың томағасын сыпырып, жаттықтырып, кіл мықты өрендерді облыстық, республикалық додаларға шығарды. Соның арқасында байрақты бәсекелерде Көк туымыз желбіреп, Гимніміз шырқалды. Бүгінде ауылдағы спортқа икемі бар балаларды майшаммен іздеп жүргендер аз. Әр ауылда әдіскер-нұсқаушы бар. Бірақ олардың барлығы өз жұмыстарын тиісті деңгейде атқарып жүрген жоқ.

2000-шы жылдары ауылдың өзінде балаларды спортқа оқушы кезден баулып, түрлі шаралар ұйымдастыратын. Мектепте оқып жүрген кезімде бұқаралық спортты дамыту үшін көктем келсе футболдан, күз болса баскетболдан, қыста волейболдан оқушылар арасында аудандық жарыстар жиі өткізілетін. Жаз айында әр ауданда «Былғары доп», «Дворовой» сынды екі айға созылатын турнирлердің жалауы желбірейтін. Балаларды спортқа тарту үшін 1000-2000 доп тегін тарататын. Бүгінде ауыл тұрмақ ауданда мұның бірі де жоқ.

Қалалық жерлерде жарыстар өтіп, заманауи спорт кешендері салынып жатқаны рас. Бірақ елімізді әлемге танытқан спортшылардың көбі ауылдан шыққанын ұмытпайық. Сондықтан, облыс орталықтарына ғана қаржыны үйіп-төкпей, ауыл-аймақтарға да спорт кешендерін салу қажет. Ауыл спортын дамытпай, ел спортын өркендемейді.

Қанша қиын кезең болды десек те 2000-шы жылдары олимпиада, әлем, Азия біріншілігінен жерлестеріміз қарсыластарын қоғадай жапырып, уыстап медаль алып қайтатын. Өкінішке қарай, жылдан-жылға қоржынымыз бос қайтатын жарыстар көбейіп барады. Оған дәлел Токио олимпиадасы. Төрткүл дүние көз тіккен дода қазақ спортының қандай деңгейде екенін көрсетті. Алматы облысының қос спортшысы (Игорь Сон, Зульфия Чиншанло) қола жүлдені еншіледі. Бейжің, Лондон олимпиадасында ел намысын арқалаған саңлақтарымыз қалай өнер көрсетті?! Лондон олимпиадасынан кейін облыс спортшыларының көрсеткіші күрт төмендеп кетті. Олимпиаданы былай қойғанда, әлем біріншіліктері мен Азия ойындарында құр алақан қайтқан күндеріміз көп болды. Әсіресе, командалық ойын түрлерінде аузымызды қу шөппен сүртуге мәжбүрміз. Бұл да бұқаралық спорттың кенжелеп тұрғанының дәлелі.

Бұл тұрғыда Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев былай дейді: – *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлді. Халықтың елу пайызы спортпен шұғылдануға тарту, жасөспірім балалар мен қыздарға тегін спорт үйірмелер ашу керектігін айтты. Жұмыс істеліп жатыр. Бірақ жоғары деңгейде деп айта алмаймын. Бұқаралық спорттың кенжелеп тұрғаны рас. Өйткені ауылдық жерлерге спортты инфрақұрылым қажет. Шындығы керек, мұның барлығы қаражатқа келіп тіреледі. Мәселен, бүгін футболдан облыстық жарыс өтті. Өкінішке қарай, қаржылық қиындықтарға байланысты облысымыздың 5 қана командa өнер көрсетуде. Өйткені бұрын ауылда 3-4 спорт түрі ғана болатын. Қазір ұлттық спорт түрлерінен бөлек басқа олимпиадалық емес спорт түрлері де кеңінен қанат жайып тұр. Қазір облыс бойынша 435 әдіскер-нұсқаушы бар. Бірақ олардың жарыс өткізу үшін қаражаты жеткіліксіз. Сонымен қатар 1 облыстық, 20 бұқаралық спорт шараларын өткізетін орталық құрылды. Әр ауылда бір маман бар. 14 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, футбол алаңдары, 150 үстінде Street Workout алаңдары салынды. Дегенмен де, бұл жеткіліксіз. Бұқаралық спортты дамыту үшін ауылдағы қара домалақ балаларға қысы-жазы дайындалатын заманауи кешендер қажет.*

Алматы облысы халықты бұқаралық спортқа тарту бойынша бүгінде 34,3 пайызға ғана қол жеткізіп отыр. Бұл өте төмен көрсеткіш. Ауылдағы бұқаралық спорт түрлерін дамытамыз десек спорт кешендерін салу, жарыстар өткізу мәселесі ең өзекті. Осы түйінді аудан басшылығы мен кәсіпкерлер басты назарға алып, жүйелі жұмыстар жасалса, тұралап қалған спорттан да олжа аларымыз хақ.

Айдар ҚАЛИЕВ

ДЗЮДО

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Тайланд астанасы Бангкокте дзюдодан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Оған 16 елден 200-ге тарта спортшы қатысты.

Төрт күнге созылған құрлық біріншілігіне Қазақстаннан 20 спортшы қатысып, бақ сынады. 50 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жерлесіміз жарыстың екінші күнінде алдына жан салмады. Нәтижесінде елордалық Ерболат Сыздық жасөспірімдер арасында Азия біріншілігінің алтын медалін жеңіп алды.

«Қарсыластарым өте мықты болды. Бәрі жақсы дайындалған. Бірінші орын үшін айқастың өзі тартысты болды. Енді тамыз айында әлем чемпионаты өтеді. Сол жарыста тек алтын әкелуге тырысып, елімнің намысын қорғап, көк туымызды желбіретіп, әнұранымызды шырқатуға бар күш-жігерімді саламын. Әлі уақыт бар, жаттығуларды үзбей жасау керек», – деді Ерболат.

Спортшы бұған дейін де дзюдодан ел чемпионаттары мен әлемдік жарыстарда жүлдегер атанып, қаланың мерейін асырған болатын.

18-21 шілде аралығында өткен сары құрлықтағы бұл жарыс Қазақстан жасөспірімдер құрамасы үшін жылдың басты додасы әлем чемпионатына дайындықтың негізгі кезеңі болып саналады.

Жалпы Азия чемпионатының қорытындысы бойынша қазақстандық жасөспірім дзюдошылар 13 медаль иеленді. Оның төртеуі алтын, үшеуі күміс, алтауы қола жүлде.

Осылайша, байрақты бәсекеде отандастарымыз ел намысын 16 салмақ дәрежесінде қорғап, жалпы командалық есеп бойынша II орынмен аяқтады.

Egemen.kz

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ҮЗДІК ОНДЫҚҚА КІРДІ

Орегонда жеңіл атлетикадан әлем чемпионатында әйелдер арасында жоғары секіруден финал өтті. Онда Қазақстанның атынан Надежда Дубовицкая қатысты.

Спортшының көрсеткіші 1,96 метр. Бұл нәтиже оған әлем чемпионатын ең мықты ондықта аяқтауына мүмкіндік берді. Надежда Дубовицкая қорытынды сегізінші орынды иеленді.

Жеңісті австралиялық Элеонор Паттерсон – 2,02 көрсеткішімен жеңіп алды. Ал, украиналық Ярослава Магучих күміс медальға ие болды (2,02). Елена Валлортигара (Италия) үшінші орында (2,00).

БАСКЕТБОЛ

АЗИЯ КУБОГЫНДАҒЫ ЖАРЫСЫН АЯҚТАДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАСКЕТБОЛШЫЛАР ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ АЗИЯ КУБОГЫНЫҢ ПЛЕЙ-ОФФ КЕЗЕҢІНЕ ӨТЕ АЛМАДЫ.

«Дала қасқырлары» Сирия командасымен дуэльде келесі раундқа қатысу құқығына таласқанды.

Матч қарсыластардың пайдасына 77:67 есебімен аяқталды.

Осылайша, Сирия біліктілігін артып ширек финалға жолдама алды, ал Қазақстан (Үш ойынның үшеуінен жеңіліс тапты) топтық кезеңнен өте алмады және Азия Кубогындағы ойынын аяқтады.



Olympic.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ МҰЗДАТАМЫЗ?

Жеміс-жидектерді мұздату – өзіңізді және отбасыңызды қыс бойына дәрумендер қорымен қамтамасыз етудің ең қарапайым әдісі. Мұздатылған жеміс-жидектерді еріткеннен кейін шикі түрінде де, бәліштер мен торттардың ортасына салма ретінде де қолдануға болады. Мұздатылған жеміс-жидектердің пайдалы қасиеттері мен дәмін сақтау үшін не істеу керек?

Жаңа піскен жидектерді қатырмас бұрын оларды жақсылап жуып, қағаз майлықта немесе арнайы центрифуга-ыдыста кептіру керек. Егер жидектер дұрыс кеппесе, мұздатқыштың ішінде олар бір-біріне жабысып қалады да, өзінің әдемі түрін жоғалтып алады. Әсіресе, таңқурай, қарақат және шиені жақсылап кептіру керек. Себебі олар жұмсақ болғандықтан оңай бөлініп қалады.

Мұздатылған жидектер еріген кезде жібіп кететіндіктен, оларды қосымша тазарту ыңғайсыз болады. Сондықтан құлпынай немесе таңқурайды қатырар алдында оларды жеміс сабағын алып тастаңыз. Егер алша мен шиені десерт пісіруге қолданатын болсаңыз, олардың дәнектерін алып тастаған дұрыс. Ал жеміс-жидектерді компот дайындауға қолданатын болсаңыз, олардың дәнектерін алу міндетті емес.

Мұздатуға ауа кірмейтін пакеттер мен контейнерлер қолданыңыз. Құлпынай, таңқурай, бүлдірген, қойбүлдірген және басқа да жұмсақ жидектер өздерінің табиғи пішінін сақтау үшін оларды ауа кірмейтін контейнерге салып мұздатқан дұрыс. Ал шие, алхоры, қаражидек, мүкжидек және қарлығанды аузы қатты жабылатын пакеттерде сақтауға болады. Жидектерді үсті-үстіне үймей, пакетке тізбектеп орналастырған дұрыс.

Қатыру кезінде жемістердің сыртқы түрі зақымдалмас үшін олардың тек қатты және пісіп кетпеген түрлерін таңдау керек. Қатты

пісіп кеткен жемістерді пюре күйінде қатырып қойып, тәтті бәліштерге арналған салма ретінде пайдаланыңыз.

Жаңа піскен алмалар мен алмұрттарды қатыру үшін оларды жақсылап жуып, кептіріңіз. Содан соң оларды бірнеше бөліктерге бөліп, түсі қарайып кетпес үшін лимон суын шашып қойыңыз. Шабдалы мен өрікті мұздатпас бұрын тең екі бөлікке бөліп, дәнектерін алып тастаңыз.

Жемістердің пайдалы қасиеттері барынша сақталуы үшін мұздату процесінің жылдам болуы маңызды. Ол сондай-ақ олардың тұтастығын және сыртқы түрін сақтауға мүмкіндік береді.

Жемістерді еріту, керісінше, баяу болуы керек. Оларды қолданар алдында жемістерді мұздатқыштан шығарып, тоңазытқышқа салып қойған дұрыс. Мұздатылған жемістерді микротолқынды пеште ерітуге болмайды.

Өзіңізге ыңғайлы болу үшін жеміс-жидектерді салынған пакеттер мен контейнерлердің сыртына белгі салып қойыңыз.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚИЯР ЖЕУДІҢ ПАЙДАСЫ

Қияр – арзан көкөністердің бірі. Кез келген салаттың әрін келтіріп, тамаққа қосуға болады. Мамандардың айтуынша, қиярды күнделікті рационға қосқан адамның ағзасы қатерлі ісіктен аман болатын көрінеді. Ендеше мамандардың айтып жүрген кеңестерінен қиярды күнде жеудің пайдасына тоқталайық.

Адам ағзасына судың аса қажет екенін айтпасақ та түсінікті. Әсіресе, күн ыстық күндері ағза қатты шөліркейді. Ал қиярдың өзі 97 пайыз судан тұрады. Судың орнына қиярды жеп ағзаға ылғалды еркін толтыруға болады. Оның үстіне, қиярдағы микроэлементтер тері мен бет-әлпетке ылғал мен нәр береді.

Қатерлі ісіктің алдын алады. Қиярдың құрамындағы лигнан мен полифенол сынды заттар – қатерлі ісіктің өсіп шығуына кедергі келтіретін антиоксидантты қасиеті бар заттар. Әсіресе, әйел адамда болатын қатерлі ісіктердің бетін қайтарады.

Сүйекті берік етеді. Қиярда К дәрумені мол. Бұл витамин кальцийдің ағзаға сіңуіне көмектеседі. Содан сүйек берік болмақ. Сыну, шытынау, остеопороздан аман болады.

К дәруменінің тағы бір жақсы қасиеті – қарт адамның миына жағымды әсер етеді. Мидың белсенді болуына көмектеседі.

Ағзаны тазалайды. Қияр ішекті тазалап, жұмысын жақсартуға көмектеседі. Қиярдың құрамындағы эрепсин ферменті ақуызды қорытуға септігі тиеді. Әсіресе, етті қорытуға пайдалы деген сөз.

Күйзелісті жоқ қылады. Қияр – В тобындағы дәрумендердің нағыз қоры. Бұл витамин адамның неврологиялық денсаулығына пайдалы. Психиканың дұрысталып, ой белсенділігін жақсартады.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

«Ақыл емес... ақша»

Әбекең Айдархан бауырынан қарызға ақша сұрай келіпті.

– Ел-жұрт қадірлейтін, алты Алашқа аты мәлім сздей ақынға мына жүрісіңіз жараспайды. Бұл қылығыңызға ұялып отырмын, аға... – дейді інісі.

– Бауырым-ау, сенен ақыл емес, ақша сұрай келдім ғой... – депті ақын жездеміз.

«Түрегеп тұрамын»

Жолаушылар жаппай ұшаққа отырып жатқанда билеті жоқ Ахмет те қоса ұмтылыпты.

– Азамат бізде артық орын болмайды. Билет алып, келесі рейспен ұшыңыз, – дейді тексеруші.

– маған орынның керегі жоқ. Түрегеп тұрамын, – депті Ахмет біз бақпай.

«Қайтадан кіріп кетеді»

Кінәсіздер «халық жауы» атанып жатқан кез болса керек. Көкіш саяси жиналыс алдында ең жақын туысын шақырып алып:

– Мен қызып кеткенімде тоқтамайтынымды білесің ғой, алдыңғы орындыққа жайғаста дұрыс сөйлесем басыңды изей бер, сәл бұрылып бара жатсам басыңды шайқа. Сонда сөзімнің соңын түзеп жіберемін, – депті.

Туысы Көкіш сөйлеген сайын шұлғып отырыпты. Шешен қызы-қыза қазақта мақал бар: «Жылы-жылы сөйлесе жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесе...» дейді де туысына қарайды. Сонда туысының «кәпір дінінен шығады» деген жалғасын айтпауға белгі бегенін түсініп, тоқтамастан «қатты-қатты сөйлесе жылан ініне қайтадан кіріп кетеді» деп сөзін жалғастыра беріпті.

«Басқа келін...»

– Аға, танысып қойыңыз, келініңіз осы..., – дейді Бәден.

– Апырай, ә!... – депті Көкіш қулана басын шайқап.

– Сонда анада таныстырғаның басқа келін болды ғой...

Тұрлыхан КӘРІМ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ

БОЙЫҢЫЗДАҒЫ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТІ АНЫҚТАҢЫЗ

Көзіңізге бірден түскен суретті ойланбастан, жүрегіңіздің үніне құлақ түріп таңдаңыз. 3 суреттің ішінен сіз таңдаған сурет барлық сұрақтарыңыздың жауабын бермек. Таңдауыңыз түскен суреттің анықтамасына зер салыңыз.

№1 сурет

Таңдауыңыз бірінші суретке түссе, сіз өте қабілетті адамсыз. Бойыңыздағы жақсы қасиеттердің бәрі де осы ерекше қабілетіңіздің арқасында дарыған. Сіз қызықты ақпараттарды қалт жібермеуге, біліміңізді әркез толықтырып отыруға дайынсыз. Сүйкімділігіңіз бен мейірімділігіңіздің арқасында көптеген жетістіктерге жете аласыз. Сіздің қолыңыз ашық. Материалдық көмек көрсетуге де, біреуге жақсылық жасауға да, тіпті білгеніңізді өзгелерге үйретуге де сараңдық танытпайсыз. Біреудің ісін өз ісіңіздей атқарып кетуіңіз де оңай. Сізді бала бейнесіндегі адам деп те атауға болады. Аңқылдаған адал жүрегіңізбен зұлымдықты жеңіп, шығар биігіңіз әлі алда.

№2 сурет

Сіздің қолға алған ісіңізді аяғына дейін жеткізбей коймайтын қасиетіңіз айналаңыздағы адамдарды тәнті етеді. Бойыңыздағы ерекше күш-жігерді өзгелер сіздің бойыңыздағы ең керемет қасиетке балайды. Және сіздің жаныңызда жүріп, ісіңізге тәнті болып, өмірлік сабақ алатындар көп. Әрбір сөзіңіз санаға төңкеріс жасап, мотивация сыйлайды. Сіздің ақылыңызға жүгініп, өмірде өз орнын



тауып жатқандар қаншама? Бірақ, соның біреуін де осы уақытқа дейін мақтанышпен айтып көрмепсіз. Өйткені, өзгелерді шабыттандыруды өзіңіздің өмірдегі ең басты миссияңыз деп есептейсіз. Сіз байыз таппай, үнемі қозғалыста жүретін адамсыз. Кез келген ортаны басқарып кете алатын көшбасшылық қасиетіңіз ерекше дамыған.

№3 сурет

Сіз әрбір таңның несібесіне шүкіршілік айтып, сәттіліктерге шынайы қуана білетін адамсыз. Өзгелер үшін сіздің үнемі күлімдеп жүретін жүзіңіз маңызды. Жаныңыздаға адамдар мұңаюға 10 түрлі себеп тапса, сіз бақытты болудың 100 түрлі жолын ұсынасыз. Кез келген жиын сіздің қатысуыңызсыз өтпейді. Жақындарыңыз жаныңызға үйір. Аңғалдығыңыз да жоқ емес. Қиындықтан шығудың оңай жолын тез таба алатын қасиетке иесіз. Сізді ашуландыру өте қиын. Бірақ бір ашулансаңыз, айналаңыздағы адамдар сізді танымай қалуы мүмкін. Сол себепті үнемі жайдарлы, байсалды қалпыңыздан танбайсыз. «Күліп жүретін адамға – өмір тек қуанышты сәттерді сыйлайды» деген ұстаныммен өмір сүресіз. Тек сырт көзге ғана емес, бар болмысыңызбен, жан дүниеңізбен бақыттысыз.

СӨЗ ЖОҚ

Ақын Сара көшесі

"Көктал" шағын ауданы





Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айнұр БЕКМОЛДИНА – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жариялаған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 709
Индекс 15534